**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ**
**«ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға**
**арналған шоғырландырылған қаржы есептілігі,**
**және Тәуелсіз аудитордың есебі**

## МАЗМҰНЫ

| | Беті |
|---|---|
| БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ РАСТАУЫ | 2 |
| ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ | 3-7 |
| 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ: | |
| Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп | 8-9 |
| Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | 10 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп | 11-12 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп | 13 |
| Шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертпелер | 14-72 |

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

## БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ РАСТАУЫ

Тәуелсіз аудитор ұсынған қорытындысында қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттауымен бірге қарастырылуы тиіс төмендегі өтініш «Қазақстан инжиниринг «Ұлттық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») мен оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ» деп аталатын) шоғырландырылған қаржы есептілігіне қатысты басшылық пен аудитордың жауаптылығын шектеу мақсатында жасалған.

Топ басшылығы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ, оның қызметінің нәтижелерін, ақша құралдарының қозғалысын және осы күні аяқталған жылы өз капиталындағы өзгерістерін барлық маңызды аспектілерде Халықаралық қаржылық есептілік стандартарына (ХҚЕС) сәйкес, дұрыс қамтып көрсететін қаржылық есептілікті дайындалуына жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналарға жауаптылықта болады:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;
- негізделген бағалау мен есептеулерді қолдану;
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
- Компания өз қызметін таяу болашақта жалғастырады деген болжамға сүйене отырып, егер мұндай болжам заңсыз болған жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікті дайындау.

Басшылық, сондай-ақ, мыналарға жауаптылықта болады:

- Компанияның тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қамтамасыз ету;
- Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәрежеде нақты дайындауға кез-келген сәтті мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау және басшылықтың талаптарына қаржылық есептіліктің сәйкестігін қамтамасыз ету;
- өз құзыреті шегінде Компанияның активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қолдану.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржы есептілігі 2020 жылғы 20 қарашада шығаруға бекітілді.

**Топ басшылығы атынан**

| **Сарсембаев А.З.**<br>**Басқарма Төрағасы** | **Ли Д.А.**<br>**Басқарушы директор** | **Икматова Г.С.**<br>**Бас бухгалтер** |
|---|---|---|

2020 жылғы 20 қараша
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"
ул. Габдуллина, 6
Алматы, Казахстан
A15H4E3

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

BDO Kazakhstan LLP
6 Gabdullin Street
Almaty, Kazakhstan
A15H4E3

## «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

### Түсіндірмелі пікір

Біз қоса беріліп отырған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есепке алу саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржы есептілігінен, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ, шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулерден тұратын «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі - «Компания») шоғырландырылған қаржы есептілік аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, «Ескертпе пікір білдіру үшін негіздеме» тарауында мазмұндалған мәселенің ықтимал әсерін қоспағанда, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржы есептілік 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың барлық маңызды аспектілеріндегі шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ, шоғырландырылған қаржы нәтижелерін және көрсетілген күні аяқталған жыл бойындағы шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік сатындарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс ұсынады.

### Түсіндірмелі пікір білдіру үшін негіздеме

*а) Қаржылық активтер мен түсімдерге қатысты*

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» жаңа стандарты күшіне енді, 2018 жылғы 1 қаңтардағы ХҚЕС енгізу күніне, сондай-ақ 2018 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсанға жаңа стандартты енгізудің ықпалы бағаланбады, бұл ХҚЕС-тен ауытқу болып табылады. ХҚЕС 9 сәйкес қаржы активтері бойынша провизиялар құрудағы жаңа әдістемелерді әзірлеу қажет болды. Атап айтқанда, біз «Сауда және өзге дебиторлық берешек», «Өзге қаржы активтері» және «Ақша қаражаты және оның баламалары» тараулары бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдер ала алмадық. Нәтижесінде берілген тараулардың ықпалы анықталған жоқ.

Сондай-ақ, есепті кезеңнің басынан бастап басқа стандарт – 15 ХҚЕС (IFRS) күшіне енді. Бұл стандарт 11 ХҚЕС-ті (IAS) «Құрылысқа арналған келісім-шарттар», 18 ХҚЕС-ті (IAS) «Түсім» ауыстырады. 2018 жылғы 1 қаңтардағы ХҚЕС енгізу күніне, сондай-ақ 2018 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсанға жаңа стандартты енгізудің ықпалы бағаланбады, бұл ХҚЕС-тен ауытқу болып табылады. Топ түсімді тану мақсатында тиісті фактілер мен пайымдауларды талдау, бес кезеңнен тұратын модельді қолдану фактісін растайтын ақпаратты ұсынған жоқ. Біз 2019 және 2018 жылдардағы түсімдерді тану және ұсыну дәлдігіне қатысты тиісті аудиторлық дәлелдер ала алмадық. Нәтижесінде берілген тараулардың ықпалы анықталған жоқ.

Товарищество с ограниченной ответственностью "BDO Kazakhstan", зарегистрированное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, является участником международного объединения BDO International Limited, британского общества с ответственностью, ограниченной гарантией его участников, и является частью международной сети независимых компаний BDO.

BDO Kazakhstan, a limited liability partnership, registered under the laws of the Republic of Kazakhstan, is a member of BDO International Limited, a UK company limited by guarantee, and forms part of the international BDO network of independent member firms.

**Түсіндірмелі пікір білдіру үшін негіздеме (жалғасы)**

Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық стандарт жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне (БХСК кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге қолданылатын этика талаптарына сәйкес, Компанияға тәуелді емеспіз және аталған талаптарға және БХСК кодесіне сәйкес, біз өзіміздің өзге де этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікір білдіруіміз үшін негіздеме болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

**Маңызды жағдайлар**

*Табыс салығы бойынша шығыстар, КТС бойынша міндеттемелер және пайдаға салынатын салық*

Біз шоғырландырылған қаржы есептілігіне 35-ескертпеге назар аударамыз, онда есепті күннен кейінгі кезеңде Топта 2015-2017 жылдары уәкілетті органдар тарапынан салықтар тексерілгені, соның нәтижесінде салықтық тексеру актісі алынғаны, оған сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеменің қосымша есептелуі 5,748,679 мың теңге соманы, сондай-ақ осы салық бойынша 775,504 мың теңге сомада өсімпұлды құрайды.

Топ салық органдарымен келіспейтінін білдірді және ҚР Қаржы министрлігіне салықтық тексеру нәтижелеріне шағым берді және шоғырландырылған қаржы есептілігінде осы міндеттемені мойындамады, өйткені басшылық еурооблигацияларды шығару және орналастыру жөніндегі мәмілеге байланысты шығыстарды шегеруден алып тастауын және осы шығыстарды жарғылық қызмет мақсатында емес және жылдық жиынтық кіріс алу мақсатында емес деп тануын негізсіз деп санайды. Осы қаржы есептілігін шығару кезінде шағымды қарау мерзімі әлі келмеуіне байланысты компанияның шағымына жауап алынған жоқ. Біз бұл мәселеге байланысты өзгертілген пікір білдірмейміз.

**Аудиттің негізгі мәселелері**

Негізгі аудит мәселелері, біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілікке жүргізілген аудит үшін маңызды деп есептелінетін мәселелер болып табылады. Біз бұл мәселелерді шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудит мәтінінде біртұтас алып қарастырдық, және бұл мәселелерге байланысты бөлек пікір білдірмейміз. Біз «Түсіндірмелі пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде баяндалған мәселелерден басқа, қорытындымызда хабарлануы қажет аудиттің өзге де негізгі мәселелері жоқ екенін анықтадық.

**Компанияның 2019 жылғы Жылдық есебіне енгізілген өзге ақпарат**

Өзге ақпарат Жылдық есепті қамтиды, бірақ қаржылық есептілік пен оған тәуелсіз аудитордың қорытындысын қамтымайды. Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Жылдық есеп біздің аудиторлық есеп күнінен соң бізге берілетін болады.

Біздің шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір формада сенімділік білдіретін қорытынды жасаймыз.

Қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратты есептеген кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен қаржылық есептілік немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды келіспеушіліктердің бар болуы туралы, және өзге ақпараттың басқа мүмкін бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады.

**Өзге мәліметтер**

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Компанияның шоғырландырылған қаржы есептілігіне жүргізілген аудитті басқа аудитор жүргізді, ол 2019 жылғы 19 шілдеде осы есептілік туралы түсіндірмелі пікір білдірді.

**Басшылықтың, корпоративтік басқаруға, шоғырландырылған қаржы есептілігіне жауап беретін тұлғалардың жауаптылығы**

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес, көрсетілген шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау және дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан маңызды бұрмалаулар болмайтын шоғырландырылған қаржы есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауаптылықта болады.

Шоғырландырылған қаржы есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болған немесе оның тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге дұрыс баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті құрастыруға жауаптылықта болады.

Корпоративті басқаруға жауап беретін тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін даярлауды қадағалауға жауаптылықта болады.

**Шоғырландырылған қаржы есептілік аудитін жүргізуге аудитордың жауаптылығы**

Біздің мақсатымыз жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан шоғырландырылған қаржы есептіліктің мазмұнында және біздің пікіріміз қамтылатын тексеру қорытындысын шығаруда маңызды бұрмалаулар жоқ екеніне орынды сенімділікке қол жеткізуде. Орынды сенімділік дегеніміз сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ, Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген тексеру маңызды бұрмалаулар болған жағдайда, әрқашан оларды анықтаудың кепілі болып табылмайды.

Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан болуы мүмкін және олар жеке-жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін екенін негізді түрде болжауға болса, маңызды болып саналады.

Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген тексеру шеңберінде біз тұтас тексеру бойында кәсіби пайымды қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесіні орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан шоғырландырылған қаржы есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қарсы аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болып қызмет ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз.

Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені, жосықсыз іс-әрекеттер келісім, жалғандық, қасақана қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ, Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, тексеру үшін мәні бар ішкі бақылау жүйесі ұғымын аламыз;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашып көрсетілуін бағалаймыз;

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуге аудитордың жауаптылығы (жалғасы)**

- қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды басшылықтың қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күмәндану пайда болуы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз маңызды белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындығы келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті ашып көрсетуге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашып көрсету тиісті емес болып табылса, пікірімізді өзгертуіміз тиіс.

Біздің қорытындымыз аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, алдағы оқиғалар мен жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін.

- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікірімізге толық жауап береміз.

- ақпаратты ашып көрсетуді қоса алғанда, тұтас қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуға, сондай-ақ, қаржылық есептілік өзінің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қаматамасыз етерліктей ұсынады ма, соған бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен, олардың назарына өзге ақпараттардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудиттің нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде, аудит процесінде өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, өзара ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асырамыз.

Біз, сонымен қатар, корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық сәйкесті этикалық талаптардың сақталғандығы туралы арызды береміз және осы тұлғаларды барлық мәселелер бойынша аудитордың тәуелсіздігіне негізді ықпал етуі мүмкін деген барлық өзара қатынастары туралы ақпараттандырдық, ал қажет болған жағдайларда – сақтық шаралары туралы да мәлімдедік.

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуге аудитордың жауаптылығы (жалғасы)**

Біз, сонымен қатар, корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық сәйкесті этикалық талаптардың сақталғандығы туралы арызды береміз және осы тұлғаларды барлық мәселелер бойынша аудитордың тәуелсіздігіне негізді ықпал етуі мүмкін деген барлық өзара қатынастары туралы ақпараттандырдық, ал қажет болған жағдайларда – сақтық шаралары туралы да мәлімдедік.

Біздің корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінде ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілігі аудиті үшін мейлінше маңызды болған және сәйкесінше аудиттің негізгі деп табылған мәселелерін анықтаймыз.

Тәуелсіз аудиторлардың осы қорытындысын шығаруға негіз болған нәтижелер бойынша аудит жүргізуге жауапты басшы:

Аудитор Қырықбаева А.М.

№МФ-0000995 аудитордың біліктілік куәлігі

ҚР аудиторларды аттесттаттау жөніндегі біліктілік комиссиясымен

2020 жылы 17 қаңтарда берілген

«BDO Kazakhstan» ЖШС

Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінің аудиторлық қызметпен айналысуға 2015 жылғы 19 ақпандағы №15003448 мемлекеттік лицензиясы

Директор Т.А. Омаров

«BDO Kazakhstan» ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

Бостандық ауданы, Ғабдуллин көшесі, 6-үй

2020 жылғы 20 қараша

## «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

### 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

*(мың теңгемен)*

| | Ескерт. | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 1 қаңтар (*3-ескертпе қайта есептелді*) |
|---|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | | |
| **ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР** | | | | |
| Негізгі құралдар | 6 | 26,467,734 | 23,232,514 | 22,977,934 |
| Материалдық емес активтер | | 456,982 | 344,220 | 401,130 |
| Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар | 8 | 5,182,821 | 4,803,769 | 6,309,423 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 35 | 2,503,879 | 3,416,002 | 4,154,213 |
| Басқа қаржы активтері | | 1,100 | 463 | - |
| Сауда және өзге дебиторлық берешек | | 2,284 | 14,949 | - |
| Өзге ұзақ мерзімді активтер | 9 | 882,028 | 1,990,424 | 2,086,505 |
| **Ұзақ мерзімді активтер жиыны** | | **35,496,828** | **33,802,341** | 35,929,205 |
| **АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР**: | | | | |
| Тауарлы-материалдық қорлар | 10 | 25,198,163 | 18,374,644 | 14,239,904 |
| Сауда және өзге дебиторлық берешек | 11 | 4,345,643 | 4,061,646 | 2,238,811 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | 543,636 | 359,907 | 349,518 |
| Өтелетін өзге салықтар | 12 | 1,345,565 | 437,166 | 535,885 |
| Берілген аванстар | 13 | 47,836,641 | 7,480,888 | 10,964,636 |
| Өзге ағымдағы активтер | 14 | 1,022,645 | 828,355 | 300,598 |
| Өзге қаржы активтері | 15 | 381,557 | 701,355 | 917,757 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 16 | 15,973,894 | 12,014,459 | 8,094,176 |
| **Ағымдағы активтер жиыны** | | **96,647,744** | **44,258,420** | **37,641,285** |
| Сатуға арналған активтер | 17 | 4,305,257 | 4,341,234 | 288,519 |
| | | **100,953,001** | **48,599,654** | **37,929,804** |
| **БАРЛЫҚ АКТИВТЕР** | | **136,449,829** | **82,401,995** | **73,859,009** |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | | |
| КАПИТАЛ: | | | | |
| Жарғылық капитал | 18 | 26,276,802 | 24,776,802 | 21,476,802 |
| Қосымша төленген капитал | 19 | 841,018 | 841,018 | 841,018 |
| Жинақталған шығын | | (12,770,230) | (7,724,815) | (6,090,681) |
| *Бас компания акционерінің капиталы* | | *14,347,590* | *17,893,005* | 16,227,139 |
| *бақыланбайтын үлес* | *20* | *691,303* | *661,904* | 642,489 |
| **КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **15,038,893** | **18,554,909** | 16,869,628 |

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 1 қаңтар (3-ескертпе қайта есептелді) |
|---|---|---|---|---|
| **ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:** | | | | |
| Қарыздар | 21 | 399,788 | 11,678,193 | 10,400,000 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері | 21 | - | 723,503 | - |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 35 | 860,859 | 669,852 | 916,259 |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | | 107,329 | 235,745 | 364,552 |
| Саудалық кредиторлық берешек | 22 | 2,033 | 3,235,344 | - |
| Артықшылықты акциялардың борыштық компоненті | | 136,722 | 136,722 | 231,501 |
| Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер | | 25,689 | 1,206 | 57,005 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны** | | **1,532,420** | **16,680,565** | **11,969,317** |
| **АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:** | | | | |
| Қарыздар | 21 | 28,252,917 | 17,801,877 | 18,358,183 |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | | 128,172 | 128,230 | 127,883 |
| Саудалық кредиторлық берешек | 23 | 15,138,047 | 5,932,896 | 5,305,433 |
| Табыс салығы бойынша берешек | | 173,507 | 68,544 | 46,432 |
| Басқа салықтар бойынша берешек | 24 | 1,756,909 | 2,108,443 | 1,716,044 |
| Алынған аванстар | 25 | 67,109,757 | 16,340,065 | 15,218,001 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 26 | 7,319,207 | 4,786,466 | 4,248,088 |
| **Ағымдағы міндеттемелер жиыны** | | **119,878,516** | **47,166,521** | 45,020,064 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **121,410,936** | **63,847,086** | 56,989,381 |
| **БАРЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | **136,449,829** | **82,401,995** | 73,859,009 |

**Топ басшылығы атынан**

| | | |
|---|---|---|
| **Сәрсембаев А.З.** | **Ли Д.А.** | **Икматова Г. С.** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Басқарушы директор** | **Бас бухгалтер** |

2020 жылғы 20 қараша
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Төмендегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **КІРІСТЕР** | 27 | 95,196,305 | 107,062,826 |
| **ӨЗІНДІК ҚҰНЫ** | 28 | (85,493,170) | (100,656,247) |
| **ЖАЛПЫ ПАЙДА** | | **9,703,135** | **6,406,579** |
| Әкімшілік шығыстар | 29 | (6,246,493) | (4,373,429) |
| Өткізу шығыстары | 30 | (1,057,987) | (1,065,370) |
| Өзге кірістер/(шығыстар) нетто | 31 | (2,629,910) | 2,945,752 |
| Бағамдық айырмадан түскен пайда/(шығын), нетто | 34 | 9,854 | (1,738,242) |
| Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың пайдадағы/(шығындағы) үлесі | 8 | 21,125 | (357,928) |
| Қаржылық кірістер | 32 | 823,162 | 142,194 |
| Қаржылық шығыстар | 33 | (3,853,838) | (2,638,599) |
| САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ШЫҒЫН | | (3,290,952) | (679,043) |
| ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС | 35 | (1,703,856) | (899,581) |
| **БІР ЖЫЛДАҒЫ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН ЖИЫНЫ** | | **(4,994,808)** | **(1,578,624)** |
| Бас компанияның акционеріне қатысты жиынтық (шығын)/табыс жиыны | | (5,054,228) | (1,634,134) |
| Бақыланбайтын үлестерге қатысты жиынтық (шығын)/кіріс жиыны | 20 | 59,420 | 55,510 |
| | | **(4,994,808)** | **(1,578,624)** |

**Топ басшылығы атынан**

| | | |
|---|---|---|
| **Сарсамбаев А.З.** | **Ли Д.А.** | **Икматова Г. С.** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Басқарушы директор** | **Бас бухгалтер** |

2020 жылғы 20 қараша
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Төмендегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**
*(мың теңгемен)*

| Көрсеткіштердің атауы | Ескер. | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| ***1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы*** | | ***145,171,944*** | ***148,871,047*** |
| оның ішінде: | | | |
| тауарлар мен көрсетілген қызметтерді сату | | 22,198,002 | 39,364,035 |
| өзге түсімдер | | 52,893 | (280,544) |
| сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар | | 121,455,714 | 84,261,823 |
| алынған сыйақылар | | 699,780 | 765,514 |
| өзге түсімдер | | 765,555 | 24,760,219 |
| ***2. Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы*** | | ***141,470,738*** | ***148,614,349*** |
| оның ішінде: | | | |
| тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төленген ақша төлемдері | | 22,156,939 | 34,609,083 |
| тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге берілген аванстар | | 96,418,015 | 71,520,995 |
| еңбекақы төлеу бойынша төлемдер | | 8,717,018 | 7,623,948 |
| сыйақы төлеу | | 1,964,741 | 608,947 |
| табыс салығы және бюджетке төленетін өзге төлемдер | | 7,547,759 | 6,144,202 |
| өзге төлемдер | | 4,666,266 | 28,107,174 |
| **3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы** | | **3,701,206** | **256,698** |
| **II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| ***1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы*** | | ***12,825,041*** | ***17,896,542*** |
| Оның ішінде: | | | |
| негізгі құралдарды өткізу | | 45,500 | 64,916 |
| басқа ұйымдардың (еншілес ұйымдардан басқа) үлес құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі үлестік қатысуларын өткізу | | - | 672,044 |
| еншілес ұйымдарға бақылауды жоғалту кезінде өтеу | | 2,978,641 | 2,001,835 |
| өзге қаржы активтерін сату | | - | 7,157,031 |
| алынған дивидендтер | | 69,565 | 160,619 |
| өзге түсімдер | | 9,731,335 | 7,840,097 |
| ***2. Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы*** | | ***12,852,814*** | ***18,057,514*** |
| оның ішінде: | | | |
| негізгі құралдарды сатып алу | | 3,350,968 | 903,781 |
| материалдық емес активтерді сатып алу | | 58,722 | 48,962 |
| өзге қаржы активтерін сатып алу | | - | 6,850,618 |
| қарыз беру | | 78,377 | - |
| қауымдасқан және еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар | | - | 3,300,000 |
| өзге төлемдер | | 9,364,747 | 6,954,153 |
| **3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы** | | **(27,773)** | **(160,972)** |

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**
*(мың теңгемен)*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| ***1. Ақша қаражатының түсуі*** | | ***6,435,943*** | ***16,409,149*** |
| оның ішінде: | | | |
| акциялар мен өзге қаржы құралдарының эмиссиясы | | 1,500,000 | 5,503,000 |
| қарыз алу | | 4,935,943 | 5,538,193 |
| өзге түсімдер | | - | 5,367,956 |
| ***2. Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы*** | | ***6,179,581*** | ***12,623,152*** |
| оның ішінде: | | | |
| қарыздарды өтеу | | 5,990,041 | 12,538,907 |
| сыйақыны төлеу | | - | 53,985 |
| дивидендтерді төлеу | | 60,951 | - |
| меншік иелеріне ұйымның акциялары бойынша төленетін ақша төлемдері | | - | 56 |
| өзге де істен шығулар | | 128,589 | 30,204 |
| **3. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы** | | **256,362** | **3,785,997** |
| 4. Валютаның айырбас бағамдарының теңгеге әсері | | 29,640 | 38,560 |
| 5. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы | | 3,959,435 | 3,920,283 |
| **6. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және оның баламалары** | **16** | **12,014,459** | **8,094,176** |
| **7. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және оның баламалары** | **16** | **15,973,894** | **12,014,459** |

**Топ басшылығы атынан**

| | | |
|---|---|---|
| **Сарсембаев А.З.** | **Ли Д.А.** | **Икматова Г. С.** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Басқарушы директор** | **Бас бухгалтер** |

2020 жылғы 20 қараша
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Төмендегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**
*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Жабылмаған шығын | Бас компанияның акционеріне жататын капитал | Бақыланбайтын үлестер | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 1 қаңтарға** | | **21,476,802** | **841,018** | **(4,788,672)** | **17,529,148** | **642,489** | **18,171,637** |
| Өткен жылдардың түзетулері | 3 | - | - | (1,302,009) | (1,302,009) | - | (1,302,009) |
| **2018 жылғы 1 қаңтарға** | | **21,476,802** | **841,018** | **(6,090,681)** | **16,227,139** | **642,489** | **16,869,628** |
| Жыл ішіндегі жиынтық кіріс/(шығын) жиыны | | - | - | (1,634,134) | (1,634,134) | 55,510 | (1,578,624) |
| Жарғылық капиталға жарна | | 3,300,000 | - | - | 3,300,000 | - | 3,300,000 |
| Төленген дивидендтер | 120 | - | - | - | - | (36,095) | (36,095) |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | | **24,776,802** | **841,018** | **(7,724,815)** | **17,893,005** | **661,904** | **18,554,909** |
| Жыл ішіндегі жиынтық кіріс/(шығын) жиыны | | - | - | (5,054,228) | (5,054,228) | 59,420 | (4,994,808) |
| (Шығын)/пайда және өткен жылдардың жиынтық (шығыны)/кірісі | | - | - | 8,813 | 8,813 | - | 8,813 |
| Жарғылық капиталға жарна | 18 | 1,500,000 | - | - | 1,500,000 | - | 1,500,000 |
| Төленген дивидендтер | 20 | - | - | - | - | (30,021) | (30,021) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | | **26,276,802** | **841,018** | **(12,770,230)** | **14,347,590** | **691,303** | **15,038,893** |

**Топ басшылығы атынан**

| | | |
|---|---|---|
| **Сарсамбаев А.З.** | **Ли Д.А.** | **Икматова Г.С.** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Басқарушы директор** | **Бас бухгалтер** |

2020 жылғы 20 қараша
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Төмендегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қазақстан инжиниринг» немесе «Компания») Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіп индустриясын басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 қаулысына сәйкес құрылды. Компания заңды тұлға ретінде Астана қаласының Әділет басқармасында 2003 жылғы 16 сәуірде тіркелді (тіркеу нөмірі №13659-1901-АО). 2005 жылғы 20 мамырда Компания Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде заңды тұлғаны қайта тіркеуден өтті (тіркеу нөмірі №13659-1901-АО). 2020 жылғы 26 наурызда Компанияның тіркеу деректеріне Компанияның атқарушы органының орналасқан жері бойынша өзгерістер енгізілді (Қазақстан, Нұр-сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 12А ғимараты).

Берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік Компания мен оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталатын) қызметінің нәтижелерін қамтиды. Топтың құрылымы туралы ақпарат 7-ескертпеде берілген.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарында инвестициялары болды (8-ескертпе).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ («Акционер», «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ) болды.

2018 жылғы 03 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 03 шілдедегі № 405 қаулысымен Компания акциялары топтамасының 100% мемлекеттің меншігіне беріліп, Компания акцияларының мемлекеттік топтамасын иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді.

2019 жылғы 12 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі №501 қаулысымен Компания акциялары топтамасының 100% мемлекеттің меншігіне беріліп, Компания акцияларының мемлекеттік топтамасын иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне берілді.

Компания қызметінің негізгі түрлері:

- қорғаныс, қосарлы және азаматтық мақсаттағы тауарлар мен жабдықтарды дамыту, өндіру, өткізу және жою жөніндегі мемлекеттік саясатты орындауға қатысу;
- ішкі қажеттілікті қамтамасыз ету және экспорт үшін қорғаныс және қосарлы мақсаттағы өнімдерді дамытудың және өндірудің ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Қазақстан Республикасының қарулы күштері және басқа әскери құрылымдары үшін қорғаныс техникасын және қосарлы мақсаттағы өнімдерді өндіру және импорттау, сондай-ақ оларды экспорттау;
- қорғаныс-өнеркәсіп кешенін конверсиялау бағдарламаларын және дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға; мобилизация резервтерін қалыптастыру мен сақтау жөніндегі жоспарларды құруға және іске асыруға қатысу;
- мұнай-газ, теміржол, авиация, ауылшаруашылық, кеме жасау жабдықтарын өндіру, азаматтық мақсаттағы тауарлар өндіру болып табылады.

2015 жылғы мамырда Компания Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырысының бірыңғай операторы болып белгіленді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы №759 қаулысымен «Қазақстан инжинирин» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс тапсырысының бірыңғай операторы болып табылмайды. Демек, мемлекеттік тапсырыстағы келісім-шарттар тікелей мемлекеттік тапсырысты орындаушылармен, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарымен жасалатын болады. Алайда, 2020 жылға дейін жасалған ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасалған келісім-шарттың талаптарына сәйкес орындалатын болады.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Компания акциялары топтамасын мемлекеттік меншікке беруге байланысты Компанияның 2020-2029 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы әзірленді. Компанияның Даму стратегиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №969 қаулысымен бекітілген.

Миссиясы: технологиялық әлеуетті тиімді дамыту арқылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттіліктерін сапалы қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық шешімдер мен өнімдер ұсыну.

Пайымы: «Ұзақ мерзімді перспективада «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ әскери және азаматтық машина жасауда инновациялық және технологиялық (өндірістік) құзыреттердің тиімді орталығына айналады.

Өзінің пайымына қол жеткізу және миссиясын іске асыру үшін Компания қызметтің мынадай стратегиялық бағыттары бойынша белсенді іс-қимылдарды жоспарлауда:

1. Өндірісті әртараптандыру.
2. Инновациялық даму.
3. Өндірістік әлеуетті дамыту және операциялық тиімділікті арттыру.
4. Ұйымдастырушылық даму.
5. Тұрақты даму.
6. Қаржылық тұрақтылық.

Әрбір стратегиялық бағыт бойынша қызметтің стратегиялық мақсаттары, міндеттері мен негізгі көрсеткіштері айқындалған.

Заңды және нақты мекенжайы: 010000, Қазақстан, Нұр-сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 12А ғимараты.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қызметкерлерінің саны 4,165 адамды құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 4,650 адам).

**Операциялық орта**

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары неғұрлым дамыған нарықтардың тәуекелдерінен ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге бейім болады. Қазақстанда бизнестің жүргізілуін реттейтін заңдар мен нормативтік актілер баяғыша тез өзгерістерге бейім. Салық, валюта және кеден заңнамасын әртүрлі түсіну мүмкіндіктері бар. Қазақстанның дамуының болашақ бағыты негізінен қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, мемлекеттің экономикалық, салық және кредиттік-қаржылық саясатына және елдегі политикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты.

Қазақстанның мұнай мен газдың үлкен көлемін өндіруіне және экспорттауына байланысты, оның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал болып келеді. 2020 жылғы наурызда мұнайдың әлемдік бағасы 40%-дан астамға күрт төмендеді, бұл қазақстандық теңге бағамының негізгі валюталарға қатысты дереу әлсіреуіне әкелді.

Экономикалық жағдайдағы өзгерістердің Топ қызметінің болашақ нәтижелеріне және қаржылық жағдайына ықпалы маңызды болуы мүмкін.

2020 жылдың басында жаңа коронавирус (COVID-19) бүкіл әлемде тез тарала бастады, бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) 2020 жылдың наурызында пандемия жариялауына әкелді. Көптеген елдердің COVID-19 таралуын тежеу жөніндегі қабылдаған шаралары көптеген компаниялар үшін операциялық қиындықтарға алып келеді және әлемдік қаржы нарықтарына айтарлықтай әсер етеді. Жағдай жедел қарқынмен дамып келе жатқандықтан, COVID-19 экономиканың әртүрлі салаларындағы көптеген компаниялардың қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін, оның ішінде өндірісті тоқтата тұру немесе жабу, жеткізілім тізбегінің үзілуі, персонал карантині, сұраныстың төмендеуі және қаржыландыруды алу қиындықтарымен байланысты операциялардың үзілуімен шектелмейді.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сонымен қатар, Топ әлемдік экономикаға және негізгі қаржы нарықтарына теріс әсер етуі салдарынан COVID-19 одан да үлкен әсеріне тап болуы мүмкін. Компанияның қызметіне COVID-19-ның едәуір әсері көбінесе вирустың ғаламдық және Қазақстандық экономикаға әсер ету ұзақтығына және таралуына байланысты болады.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ («ХҚЕС»)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түзетулер мен түсіндірулер.

2019 жылы топ алғаш рет ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» және басқа стандарттарға түзетулер және Топтың қаржылық есептілігіне әсер етпейтін түсіндірулерді қолданды. Топ жасап шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірулерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

**16-шы ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»**

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

16-шы ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» енгізу Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай есептілігіне әсерін тигізген жоқ.

**23 ХҚЕТК (IFRIC) *«Пайдаға салық есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік»* түсіндірмесі**

Түсіндірме салықтық түсініктердің белгісіздігі болған кезде пайдаға салықты есепке алу тәртібін қарайды, бұл 12 ХҚЕС(IAS) қолданылуына ықпал етеді. Түсіндірме 12 ХҚЕС (IAS) қолдану саласына жатпайтын салықтарға немесе алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ белгісіз салықтық түсініктермен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты айрықша талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндірме келесі мәселелерді қарайды:

- ұйымның белгісіз салықтықтүсініктерді жеке қарастыруын не қарастырмауын;
- салықтық түсініктерді салық органдарының тексеруіне қатысты ұйым жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салықтық залалды), салықтық базаны, пайдаланылмаған салықтық залалдарды, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктерді және салық мөлшерлемелерін қалай анықтайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалай қарайды.

Топ әрбір анықталмаған салықтық түсіндірмені жеке немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салықтық түсіндірмелермен бірге қарастыру керектігін анықтайды және белгісіздікті шешудің нәтижесін дәлірек болжауға мүмкіндік беретін тәсілді қолданады.

Бұл түсінік Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жоқ.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ («ХҚЕС») (ЖАЛҒАСЫ)

**9-шы ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - *«Әлеуетті теріс өтеммен мерзімінен бұрын өтеу туралы шарттар»***

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес борыштық құрал шартпен көзделген ақша ағындары «негізгі борыш сомасының және негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз есебіне төлемдер ғана» болса («ақша ағындарының» өлшемі) және құрал осындай сыныптауға мүмкіндік беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұстап қалынатын болса, амортизацияланған құны немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалана алады ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер қаржылық актив қай оқиғаның немесе жағдайдың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына алып келетініне қарамастан, сондай-ақ қай тарап шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізді өтемді төлейтініне немесе алатынына қарамастан, «ақша ағындарының» өлшемін қанағаттандыратынын түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жоқ.

**19-шы ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – *«Бағдарламаға өзгертулер енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу»***

19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бағдарламаға өзгерістер енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу есепті кезеңнің ішінде болатын жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламаға өзгерістер енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу есепті кезеңнің ішінде болса, ұйым бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыны және бұл оқиғадан кейінгі бағдарлама активтерін көрсететін белгіленген төлемдерімен бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған актуарлық жорамалдарға орай бағдарламаға өзгерістер енгізуден, оны қысқартудан немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді толық өтеуден кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты ағымдағы кезең қызметтерінің құнын анықтауы тиіс екенін түсіндіреді. Ұйым, сондай-ақ, бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыны және бұл оқиғадан кейінгі бағдарлама активтерін көрсететін белгіленген төлемдерімен бағдарламаның таза міндеттемесін (активін); және бұл белгіленген төлемдерімен бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдаланумен бағдарламаға өзгерістер енгізуден, оны қысқартудан немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді толық өтеуден кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты пайыздың таза шамасын анықтауы тиіс.

Бұл түзетулер Топтың қызметіне қолданылмайды.

**28-ші ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – *«Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»***

Түзетулерде түсіндірілгендей, ұйым 9-шы ХҚЕС-ті (IFRS) үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ шын мәнінде қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның бір бөлігін (ұзақ мерзімді салымдарды) құрайтын қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарға қатыс ты қолдануға тиіс. Бұл түсініктеме маңызды, себебі онда 9-шы ХҚЕС-тегі (IFRS) болжалды кредит шығындары үлгісі осындай ұзақ мерзімді қатысу үлестеріне қатысты қолданылады деп ұйғарылады.

Сондай-ақ түзетулерде түсіндірілгендей, 9-шы ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қандай да бір шеккен залалын, немесе таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалды назарға алмайды, олар «Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға салынған инвестициялар» 28-ші ХҚЕС-ін (IAS) қолданудың нәтижесінде туындайтын қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияны түзету ретінде танылған.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жоқ.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ («ХҚЕС») (ЖАЛҒАСЫ)

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру, 2015-2017 жылдар кезеңі***
**«Бизнестердің біріктірілуі» 3-ші ХҚЕС (IFRS)**

Түзетулерде түсіндірілгендей, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнесті бақылауға ие болса, онда ол бизнестерді біріктіруді кезең-кезеңімен жүзеге асыруға қатысты талаптарды қолдануға тиіс, бұған бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі бұрынғы иеліктегі қатысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалау да кіреді. Осы орайда сатып алушы бұрын бірлескен операциялардағы оның иелігінде болған бүкіл қатысу үлесін қайта бағалауға тиіс.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жоқ.

**«Бірлескен кәсіпкерлік» 11-ші ХҚЕС (IFRS)**

Бірлескен операцияға қатысатын, бірақ оған бірлескен бақылау жасау өкілеттігі жоқ тарап, бұл термин 3-ші ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай, қызметі бизнес болып табылатын тиісті бірлескен операцияларға қатысты бірлескен бақылауға ие бола алады. Түзетулерде түсіндірілгендей, мұндай жағдайларда бұрын осы бірлескен операцияда болған қатысу үлестері қайта бағаланбайды.

**«Пайдаға салынатын салық» 12-ші ХҚЕС (IAS)**

Түзетулерде түсіндірілгендей, дивидендке қатысты салықтың салдары меншік иелерінің арасында үлестіруден гөрі, үлестірілетін пайда әкелген бұрынғы операцияларға немесе оқиғаларға көп дәрежеде байланысты. Демек, ұйым дивидендке қатысты салықтың салдарын пайданың немесе залалдың, басқа да жиынтық табыстың немесе меншікті капиталдың құрамында тануға тиіс, бұл ұйымның осындай бұрынғы операцияларды немесе оқиғаларды алғашқыда қайда танығанына байланысты жасалады.

Ұйым бұл түзетулерді алғаш рет қолданғанда, оларды ең ертедегі салыстырмалы кезеңнің басында немесе бұл күннен кейін танылған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолдануға тиіс.

Топтың қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сай болғандықтан, олардың қолданылуы Топтың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

**«Қарыздар бойынша шығын» 23-ші ХҚЕС (IAS)**

Түзетулерде түсіндірілгендей, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды, осы активті мақсатына сай пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық әрекеттер іс жүзінде аяқталған кезде, жалпы мақсаттарға алынған қарыздардың құрамында есепке алуға тиіс.

Ұйым бұл түзетулерді алғаш рет қолданып отырған жылдық есептік кезеңнің басында немесе ол күннен кейін туындаған қарыздар бойынша шығынға қатысты қолдануға тиіс.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жоқ.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

*«Сақтандыру шарттары»*

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ («ХҚЕС») (ЖАЛҒАСЫ)

17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттарын» ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Инвестициялық табысқа тікелей қатысумен сақтандыру шарттары үшін белгілі түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі).
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпарат беру талап етіледі. Ұйым 17 ХҚЕС (IFRS) алғаш қолдану күніне немесе оған дейін 9 ХҚЕС (IFRS) және 15 ХҚЕС (IFRS) қолданған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл стандарт Компанияға қолданылмайды.

**3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету — *«Бизнесті айқындау»***

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес «Бизнестерді біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды, олар «бизнес» терминінің анықтамасын өзгертті және ұйымдарға иемденген қызмет және актив түрлерінің жиынтығы бизнес болып табылатындығын не табылмайтындығын анықтауларына көмектесуі тиіс. Бұл түзетулер бизнеске қойылатын ең аз талаптарды нақтылайды, нарыққа қатысушылар қандай да бір жетпейтін элементті ауыстыруға қабілетті екендігін бағалауды жоққа шығарады, ұйымдарға иемденген процесс маңызды болып табылатындығын бағалауларына көмектесу үшін басшылықты қосады, бизнестің және қайтарымдылығының анықтамасын тарылтады, сондай-ақ әділ құн шоғырлануының болуына міндетті емес тестті енгізеді. Түзетулермен бірге жаңа бейнелі мысалдар көрсетілді. Топ бұл түзетулердің ықпалына бағалау жүргізеді.

**1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер — *«Маңыздылықты айқындау»***

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес түрлі стандарттардағы маңыздылықтың анықтамасын келісу және бұл анықтаманың кейбір аспектілерін түсіндіру үшін «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. Жаңа анықтамаға сай «егер ақпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бүркеу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын бұл қаржылық есептіліктің негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады».

Маңыздылықты айқындауға түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ («ХҚЕС») (ЖАЛҒАСЫ)

***ХҚЕС (IAS) 1 «Қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде міндеттемелерді жіктеу» түзетулері (ХҚЕС 2010-2012 жж. циклдерінің жыл сайынғы жақсартуларын қалыптастыру жөніндегі жоба шеңберінде)***

Түзетулер, егер ұйым міндеттемені күтсе және оны қайта қаржыландыру немесе оны өтеу мерзімін ауыстыру өкілеттігі болса, бұрынғы қарыз берушімен қолданыстағы кредиттік желі шеңберінде есепті кезеңнен кейін кемінде 12 айға тең немесе ұқсас шарттарда ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктелетінін түсінуді жеңілдетуге арналған.

Түзетулер қаржылық жағдай туралы есебінде міндеттемелерді ұсыну бөлігінде ғана өзгеріс енгізеді сома бөлігіне, ақпаратты мойындау немесе ашу сәтіне өзгеріс енгізбейді.

Түзетулерде түсіндірілгендей, жіктеу есепті кезеңнің соңында міндеттемені өтеуді кемінде 12 айға кейінге қалдыру құқығының болуына негізделуі тиіс екенін түсіндіреді. Осыған орай, нақты түрдегі түзетулер «есепті кезеңнің соңында» орын алған құқықтар ғана міндеттемелерді жіктеуге ықпал ету керек екенін көрсетеді. Бұл ретте жіктеу ұйымның контрагентке ақша қаражатын, үлестік құралдарды немесе өзге активтерді немесе қызметтерді аударуды білдіретін міндеттемені өтеуді кейінге қалдыру құқығын пайдаланатындығына қатысты күтулерге байланысты емес.

Түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

***9 ХҚЕС (IFRS), ХҚЕС 39 (IAS) және 7 ХҚЕС (IFRS) «Базалық проценттік мөлшерлемені реформалау» түзетулері***

ҚЕХС жөніндегі Кеңес шығарған түзетулер, базалық проценттік мөлшерлеме реформасы тікелей әсер ететін хеджирлеудің барлық қатынастарына ҚЕХС (IFRS) 9 немесе ҚЕХС (IAS) 39 бойынша хеджирлеуді есепке алу бөлігінде талаптарды қолданатын ұйымдарға қатысты болады.

Түзетулер хеджирлеуді есепке алу бөлігінде жеке талаптарға, ұйымдар базалық проценттік мөлшерлеме базалық проценттік мөлшерлемені реформалау нәтижесінде өзгермейді деген жорамалды негізге ала отырып, осы талаптарды хеджирлеуді есепке алу бөлігінде қолданады деп, өзгерістер енгізеді.

Түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап және осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Өзгерістер, ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша өзге жиынтық кірістің құрамында танылған пайда немесе залал сомасына ретроспективті түрде қолданылады.

***ХҚЕС стандартындағы «Тұжырымдамалық негіздер» сілтемелеріне түзетулер***

2018 жылғы 29 наурызда жарияланған сәттен бастап күшіне енген қайта қаралған тұжырымдамалық негіздермен қатар, ХҚЕСК «ХҚЕС стандартындағы «Тұжырымдамалық негіздер» сілтемелеріне түзетулерді шығарды. Осы құжат ХҚЕС (IFRS) 2, ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IFRS) 6, ХҚЕС (IFRS) 14, ХҚЕС (IAS) 1, ХҚЕС (IAS) 8, ХҚЕС (IAS) 34, ХҚЕС (IAS) 37, ХҚЕС (IAS) 38, ХҚЕТК (IFRIC) 12, ХҚЕТК (IFRIC) 19, ХҚЕТК (IFRIC) 20, ХҚЕТК (IFRIC) 22 және ТТК (SIC) 32 түзетулерін қамтиды.

Алайда, барлық түзетулер осы стандарттар мен өзгерістерді түсіндіруге сілтеме жасамайды және олар қайта қаралған Тұжырымдамалық негіздерден алынған дәйексөздерді қамтиды.

Кейбір стандарттар мен өзгерістерде жаңартулар, олар сілтеме жасайтын тұжырымдамалық негіздердің нұсқаларына нұсқауды білдіреді (2001 жылы ХҚЕСК қабылдаған «ХБЕСК тұжырымдамалық негіздері», 2010 жылы қабылданған «ХҚЕСК тұжырымдамалық негіздері» немесе 2018 жылы жаңа қайта қаралған «Тұжырымдамалық негіздер») немесе стандарттағы анықтамалар жаңа шығарылған «Тұжырымдамалық негіздерде» берілген анықтамаларға сәйкес жаңартылмағандығы туралы нұсқаулар.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ («ХҚЕС») (ЖАЛҒАСЫ)

Түзетулер (егер олар қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге жаңартуларды іс жүзінде енгізсе) 2020 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**ХҚЕС-на сәйкестік туралы мәлімдеме**

ХҚЕС (IFГС8) 9 «Қаржы құралдары» және ХҚЕС (IFF8) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» стандарттарын қолдануды қоспағанда, ХҚЕС-на сәйкес дайындалған «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ шоғырландырылған қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін Компанияның ашық пайдалануы үшін ұсынылды. Шоғырландырылған қаржы есептілігіне негізгі компанияның бас кеңсесінде қол жеткізуге болады, оның орналасқан мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 12А.

**Құнды анықтау үшін негіз**

Шоғырландырылған қаржы есептілігі, кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құн қағидаты негізінде дайындалды.

Тарихи құн әдетте тауарға немесе қызметке айырбас ретінде берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құн бағалау күні нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміленің шеңберінде активті сату кезінде алынатын немесе мұндай бағаның бағалаудың басқа әдістемесін пайдаланумен тікелей қадағаланатын немесе есептеу жолымен алынған баға болып табылатынына қарамастан, міндеттемелерді беру кезінде төленетін бағаны көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Компания, егер нарыққа қатысушылар бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің бағасын қалыптастыру кезінде мұндай сипаттамаларды ескермесе, активтің немесе міндеттеменің сипатын ескереді. Әділ құн бойынша бағалау жүргізу және/немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін бұл қаржы есептілігіндегі әділ құн жоғарыда көрсетілген тәсілмен анықталады, бұған ХҚЕС (IA5) 17 қолдану саласына жататын жалдау келісімдері, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ бұл ретте, мысалы, ХҚЕС (IA5) 2-гі мүмкін өткізудің таза құны немесе ХҚЕС (IA5) 36-ғы пайдалану құндылығы секілді әділ құн болып табылмайтын бағалау кірмейді.

Бұдан басқа, есептілікті жасау кезінде әділ құны бойынша бағалау бастапқы деректердің қадағалануына және бағалау үшін олардың елелілігіне байланысты 1, 2 және 3-ші деңгейлер бойынша жіктеледі:

- 1-ші деңгей - бағалау күні кәсіпорын бақылай алатын осындай активтерге және міндеттемелерге баға белгіленімдері (түзетулерсіз);
- 2-ші деңгей — 1-ші деңгейге сай келмейтін, бірақ актив немесе міндеттеме үшін тікелей не жанама бақыланатын бастапқы деректер; және
- 3-ші деңгей — актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер.

**Функционалдық валюта және таныстыру валютасы**

Бұл шоғырландырылған қаржы есептілігі қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілді, ол Топтың функционалдық валютасы және қаржы есептілігін ұсыну валютасы болып табылады. Теңгемен көрсетілген барлық сандық көрсеткіштер (таяу) мыңға дейін дөңгелектелді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Шетелдік валютадағы операциялар**

При подготовке консолидированной финансовой отчетности Группы, сделки в валюте, отличающейся от функциональной (в иностранной валюте), отражаются по курсу на дату совершения сделки. Денежные статьи, выраженные в иностранных валютах, пересчитываются по соответствующему валютному курсу на дату составления консолидированной финансовой отчетности. Неденежные статьи, учитываемые в иностранной валюте и оцениваемые по справедливой стоимости, подлежат пересчету по обменным курсам, действовавшим на дату определения справедливой стоимости. Неденежные статьи, отраженные по исторической стоимости, выраженной в иностранной валюте, не пересчитываются.

Валюталар бағамының өзгерісі нәтижесінде туындайтын ақшалай баптар бойынша бағамдық айырмалар олар туындаған кезеңнің пайдасы мен залалында көрсетіледі, оған мыналар кірмейді:

- өндірістік мақсатта болашақта пайдалануға арналған аяқталмаған құрылыс объектілеріне жататын шетелдік валютадағы қарыздар бойынша бағам айырмалары мұндай активтердің құнына шетелдік валютадағы қарыздар бойынша пайыздық шығыстарды түзету ретінде енгізіледі;
- жекелеген валюталық тәуекелдерді хеджирлеу мәмілелері бойынша бағам айырмалары; және
- өтеу жоспарланбайтын және ықтималдығы аз (мұндай баптар таза инвестициялардың бөлігін білдіреді), бастапқыда өзге жиынтық кірісте көрсетілетін және берешекті өтеу кезінде пайда мен залалға қайта жіктелетін шетелде қызметін жүргізетін бөлімшелермен Компанияның өзара есеп айырысу баптары бойынша бағам айырмалары.

**Үздіксіз қызмет қағидаты**

Бұл шоғырландырылған қаржы есептілігі Топ үздіксіз қызмет қағидатын ұстанатыны туралы жорамалға орай ХҚЕС-ке сәйкес дайындалды. Мұның өзі таяу болашақта Топтың әдеттегі қызметінің барысында Топтың активтерін өткізуді және міндеттемелерін өткізуді көздейді. Басшылық Топтың әдеттегі қызметінің барысында Компания активтерін өткізе және міндеттемелерін өтей алады деп санайды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері ағымдағы активтерден 18,925,515 мың теңге сомасына асып түсті (2018 жылғы 31 желтоқсанда ағымдағы міндеттемелер ағымдағы активтерден 1,433,133 мың теңгеге жоғары болды), бұл «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы қарыздың ағымдағы бөлігін өтеу және «Самұрық-Қазына» АҚ қаржылық көмегі қажеттілігіне байланысты. 2019 жылы таза шығын 4,994,808 мың теңгені құрады (2018 жылы таза шығын: 1,578,624 мың теңге).

Топ басшылығы мыналарға байланысты Топ таяу болашақта өз қызметін жалғастырады деп санайды:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы №759 қаулысына сәйкес «Қазақстан инжинирин» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырысының бірыңғай операторы болып табылмайды. Демек, мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі келісім-шарт тікелей мемлекеттік тапсырысты орындаушылармен, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарымен жасалатын болады. Алайда, 2020 жылға дейін жасалған ұзақ мерзімді келісім-шарттар орындалатын болады.

- Компания «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 қарашадағы №1081 қаулысына толықтыру енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 желтоқсандағы №1003 қаулысына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізді, оған сәйкес қаржы құралдарының тізімі «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ шығарған облигациялармен толықтырылды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

2020 жылғы 5 мамырдан бастап Компанияның облигациялары «Негізгі» алаңының «Борыштық бағалы қағаздар» секторының «Облигация» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізілді. Тартылған қаражат екінші деңгейдегі банктердің қарыздарын өтеуге бағытталатын болады.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №969 қаулысымен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді. Пайымға сәйкес стратегиялық перспективада «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ әскери және азаматтық машина жасауда инновациялық және технологиялық (өндірістік) құзыреттердің тиімді орталығына айналады. 2029 жылға қарай «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ – бұл операциялық басқару элементтері бар холдингтік құрылым. «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3) тармақшасында қару-жарақ пен әскери техниканың қазақстандық өндірушілері үшін компания құрамында қорды құру көзделген.

- «Армия-2020» халықаралық әскери-техникалық форумында «Қазақстан инжиниринг» тобының компанияларымен қос мақсаттағы өнімдерді импорттау мен экспорттау, оны құрастыру бойынша құзыреттілікті беру, сондай-ақ жалпы сомасы 6 млрд. теңгеден астам сомаға бұйымдарды күрделі жөндеу және қызмет көрсету бойынша бірқатар келісімшарттарға, келісімдерге, шарттарға қол қойылды.

Жоғарыда баяндалғанның нәтижесінде, басшылықтың пікірінше, Топ таяу болашақта өзінің үздіксіз қызметін жалғастыратын болады.

*Салыстырмалы деректерді ұсыну*

Компания есеп жылында ұсыну тәртібіне сәйкес келтіру мақсатында салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді жүзеге асырды.

Басшылық салыстырмалы деректердегі түзетулер Компания қызметінің нәтижелері туралы неғұрлым нақты және сенімді түсінік береді деп санайды.

*Өткен жылдардың түзетулері*

1,302,009 мың теңге сомасында түзетулер өткен кезеңдердегі төлем көзінен КТС есептен шығарылған сомаларын қамтиды. Басшылық 2018 жылдың бастапқы сальдосындағы бұл түзету топ қызметінің нәтижелері туралы шынайы түсінік береді деп санайды. Түзетулерден кейін 2018 жылғы 1 қаңтардағы қаржылық жағдай туралы есеп мынадай түрде ұсынылды:

| | **2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептілікке сәйкес** | **Түзетулер** | **2018 жылғы 1 қаңтарда аяқталған жылға және қайта есептеуден кейін** |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық жағдай туралы есеп** | | | |
| *Ағымдағы активтер* | | | |
| Кіріс салығы бойынша алдын ала төлем | 1,651,527 | (1,302,009) | 349,518 |
| Активтер жиыны | 75,161,018 | (1,302,009) | 73,859,009 |
| *Капитал* | | | |
| Жинақталған шығын | (4,788,672) | (1,302,009) | (6,090,681) |
| Капитал мен міндеттемелер жиыны | 75,161,018 | (1,302,009) | 73,859,009 |

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша түзетулердің әсері келесідей берілген:

| | **Алдыңғы кезеңнің есептілігіне сәйкес** | **Түзетулер** | **2018 жылғы 1 қаңтарда аяқталған жылға және қайта есептеуден кейін** |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық жағдай туралы есеп** | | | |
| *Ұзақ мерзімді активтер* | | | |
| Негізгі құралдар | 23,273,941 | (41,427) | 23,232,514 |
| Материалдық емес активтер | 359,161 | (14,941) | 344,220 |
| Қауымдасқан және бірлескен компанияларға инвестициялар | 4,901,436 | (97,667) | 4,803,769 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 2,849,901 | 566,101 | 3,416,002 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек | 26,414 | (11,465) | 14,949 |
| Өзге ұзақ мерзімді активтер | 1,990,840 | (416) | 1,990,424 |
| *Ағымдағы активтер* | | | |
| Тауарлы-материалдық қорлар | 18,554,184 | (179,540) | 18,374,644 |
| Кіріс салығы бойынша алдын ала төлем | 258,700 | 101,207 | 359,907 |
| Сауда-дебиторлық берешегі | 4,061,485 | 161 | 4,061,646 |
| Берілген аванстар | 7,479,880 | 1,008 | 7,480,888 |
| Өзге ағымдағы активтер | 1,321,133 | (492,778) | 828,355 |
| **Активтер жиыны** | **82,571,752** | **(169,757)** | **82,401,995** |
| *Ұзақ мерзімді міндеттемелер* | | | |
| Қарыздар | 12,401,696 | (723,503) | 11,678,193 |
| Болашақ кезеңдер кірістері | - | 723,503 | 723,503 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 624,061 | 45,791 | 669,852 |
| Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер | - | 1,206 | 1,206 |
| *Қысқа мерзімді міндеттемелер* | | | |
| Кіріс салығы бойынша берешек | 68,550 | (6) | 68,544 |
| Алынған аванстар | 16,593,024 | (252,959) | 16,340,065 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 5,736,942 | (950,476) | 4,786,466 |
| *Капитал* | | | |
| Бөлінбеген пайда (шығын) | (8,711,502) | 986,687 | (7,724,815) |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | **82,571,752** | **(169,757)** | **82,401,995** |

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

| | Алдыңғы кезеңнің есептілігіне сәйкес | Түзетулер | 2018 жылғы 1 қаңтарда аяқталған жылға және қайта есептеуден кейін |
|---|---|---|---|
| **Жиынтық кіріс туралы есеп** | | | |
| Кірістер | 107,968,993 | (906,167) | 107,062,826 |
| Өзіндік құны | (101,850,406) | 1,194,159 | (100,656,247) |
| Әкімшілік шығыстар | (4,482,034) | 108,605 | (4,373,429) |
| Іске асыру бойынша шығыстар | (1,114,834) | 49,464 | (1,065,370) |
| Өзге шығыстар /кірістер, нетто | 3,228,338 | (282,586) | 2,945,752 |
| Бағамдық айырмадан түскен пайда /шығын, нетто | (1,689,320) | (48,922) | (1,738,242) |
| ҚК және БК пайдасындағы/шығынындағы үлесі | (260,261) | (97,667) | (357,928) |
| Қаржылық кірістер | 110,866 | 31,328 | 142,194 |
| Қаржылық шығындар | (2,909,530) | 270,931 | (2,638,599) |
| Кіріс салығы бойынша үнемдеу | (1,567,123) | 667,542 | (899,581) |
| **Барлық жиынтық кіріс /(шығын)** | **(2,565,311)** | **1,166,227** | **(1,578,624)** |

### *Есеп саясатындағы өзгерістер*

Топ алғаш рет «Жалдау» 16-шы ХҚЕС-ін (IFRS) қолданды. Осы қаржылық есептілік стандартын қолдануға байланысты өзгерістердің сипаты және әсері туралы ақпарат төменде ашылып көрсетілген.

2019 жылы Топ сонымен қатар алғаш рет кейбір стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер қолданды, бірақ олар оның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

Топ қабылданған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

### 16-шы ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың балансга жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

Жалға беруші үшін 17-ші ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда 16-шы ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есепке алу тәртібі іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер жалдауды жіктегенде 17-ші ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сол жіктеу қағидаттарын пайдаланады, бұл орайда олар жалдаудың екі түрін: операциялық және қаржылық жалдауды бөліп көрсетеді. Осылайша, 16-шы ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылуы Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есебін жүргізуге әсер еткен жоқ.

Топ түрлендірілген ретроспективалы тәсілдемені пайдаланалану арқылы 16-шы ХҚЕС-ті (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтарда алғаш рет қолданды.

Бұл стандартқа ауысқан кезде Топ практикалық сипаттағы оңайлатуды пайдалану туралы шешім қабылдады, бұл келісімшарттың тұтастай немесе оның жеке компоненттерінің 2019 жылғы 1 қаңтардағы жалдау шарты болып табылатындығына қайта талдау жасамауға мүмкіндік береді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Оның орнына, Топ алғаш қолдану күнінде стандартты тек бұрын 17-ші ХҚЕС (IAS) және ХҚЕТК (IFRIC) 4-ші Түсініктемесін қолдану арқылы жалгерлік шарттары деп сәйкестендірілген шарттарға ғана қолданды.

Топ сонымен қатар жалдау мерзімі жалгерлік басталған күні 12 айдан аспайтын және сатып алуға опцион қамтылмаған (қысқа мерзімді жалгерлік) жалдау шарттары үшін, сондай-ақ базалық активтің құны төмен жалдау (құны төмен активтерді жалдау) шарттары үшін танудан босатуды пайдалану туралы шешім қабылдады.

16-шы ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылуы Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

*Төменде 16-шы ХҚЕС (IFRS) қабылдануы нәтижесіндегі, Топтың есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген*

**Жалдау**

Шарт жасасу кезінде Топ келісімнің жалдау болып табылатындығын немесе оның жалдау белгілері бар-жоғын бағалайды. Басқаша айтқанда, Топ шарттың белгілі бір уақыт аралығында сәйкестендірілген активін пайдаланудың бақылау құқығын өтемақыға айырбастауға беретіндігін анықтайды.

**Топ жалға алушы ретінде**

Топ қысқа мерзімді жалдау мен құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тануға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды.

**i) Пайдалану құқығы нысанындағы активтер**

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.
Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады.

Пайдалану құқығы нысанындағы актив келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына тікжелілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Топ жалдау мерзіміне сәйкес амортизация мерзімін анықтады.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Топқа өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

**ii) Жалдау бойынша міндеттемелер**

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Компанияның жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар (олар қорларды өндіру үшін жұмсалған жағдайлардан басқа) ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген проценттік мөлшерлеме оңай айқындала алмайды.

Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады.

Сонымен бірге, Топ жалдау мерзімі түрлендірілген, өзгертілген, жалдау төлемдері өзгертілген (мысалы, осындай төлемдерді анықтау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты болашақ төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алу опционын бағалау амалы өзгертілген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалады.

**iii) Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау**

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды негізгі құралдарды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Топ сонымен қатар құны төмен активтерді жалдауға қатысты танудан босатуды құны төмен болып есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданып отыр. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде танылады.

**Топ жалға беруші ретінде**

Топта активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Пайда болған жалдау кірісі жалдау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына байланысты пайда немесе залал туралы есепте кіріске қосылады. Операциялық жалдау шартын жасасу кезінде келтірілген бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалға беруден түскен кіріс сияқты негізде танылады. Шартты жалдау ақысы, ол алынған кезеңдегі түсімнің құрамында танылады.

**Шоғырландыру қағидаттары**

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі Компания бақылайтын Топтың және кәсіпорындардың (арнайы мақсаттағы кәсіпорындарды қоса алғанда) және еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігін қамтиды. Кәсіпорын бақыланатын компания болып саналады, егер:

- инвестиция объектісіне қатысты өкілеттіктерге ие;
- инвестиция объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табыспен байланысты тәуекелдерге ұшырайды немесе осындай табысты алуға құқығы бар; және
- инвестордың кірісінің көлеміне ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттігін пайдалану мүмкіндігі бар.

Егер фактілер мен мән-жайлар жоғарыда көрсетілген үш бақылау элементінің бір немесе бірнеше өзгерістерін көрсеткен жағдайда, Компания өзінің инвестиция объектісіне бақылауы бар-жоғын қайта бағалайды.

Бақылау топтамасы жоқ инвестордың дауыс беру құқығы, егер инвестордың маңызды қызметті біржақты басқаруға практикалық мүмкіндігі болса, оған өкілеттік беруге жеткілікті құқығы бар. Инвестордың дауыс беру құқығы соңғы өкілеттік беру үшін жеткілікті екенін бағалау кезінде Компания барлық фактілер мен жағдайларды, соның ішінде:

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

- инвесторға тиесілі дауыс құқығы пакетінің өзге де дауыс құқығын ұстаушылардың пакеттерінің мөлшері мен таралу дәрежесіне қатысты мөлшері;
- ықтимал дауыс беру құқығы, оның иесі Компания, басқа дауыс беру құқығын ұстаушылар немесе басқа тараптар;
- басқа шарттық келісімдерде көзделген құқықтар;
- шешім қабылданатын уақытта компанияның маңызды қызметін басқару мүмкіндігінің болуын не болмауын көрсететін кез келген қосымша фактілер мен жағдайлар, соның ішінде акционерлердің алдыңғы жиналыстарындағы дауыстарды бөлу сипаты.

Инвестициялар объектісін шоғырландыру Компания Инвестициялар объектісін бақылауды алған сәттен басталады және Компания Инвестициялар объектісін бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатылады. Атап айтқанда, еншілес кәсіпорындардың жыл ішінде сатып алынған немесе сатылған кірістері мен шығыстары жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке оларды нақты сатып алған сәттен бастап немесе нақты сату күніне дейін енгізіледі.

Пайданың немесе залалдың және өзге де жиынтық табыстың әр компоненті, тіпті бұл бақыламайтын қатысу үлестерінің сальдосы теріс болуына алып келсе де, Топтың бас ұйымының акционерлеріне және бақыламайтын қатысу үлестеріне жатқызылады. Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру үшін, ондай ұйымдардың қаржылық есептілігі түзетіледі.

Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде пайда болатын барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, табыстар, шығындар және ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

**Жұмыс істеп тұрған еншілес кәсіпорындардағы топтың иелену үлесінің өзгеруі**

Топтың еншілес кәсіпорындарға бақылауды жоғалтуына алып келмейтін еншілес кәсіпорындардағы топтың иелену үлестерінің өзгерістері капиталда ескеріледі. Еншілес кәсіпорындағы топ үлестерінің және бақыланбайтын үлестің баланстық құны осы үлестердің арақатынасының өзгеруін ескере отырып түзетіледі. Бақыланбайтын үлестер түзетілетін сома мен төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырма негізгі топ акционерлерінің капиталында көрсетіледі.

**Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар**

Қауымдастырылған ұйым – бұл қызметіне Топ тарапынан елеулі ықпал жасалатын ұйым. Елеулі ықпал – бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдер қабылдауға қатысу өкілеттігі, бірақ ол аталмыш саясатты бақылау немесе бірлесіп бақылау дегенді білдірмейді.

Бірлескен кәсіпорын – бұл қызметті бірлесіп бақылау өкілеттігіне ие тараптарда қызметтің таза активтеріне құқықтардың бар болуы ұйғарылатын бірлескен кәсіпкерлік. Бірлескен бақылау – бұл шартта көзделген қызметті бақылаудың бөлінуі, ол елеулі қызметке қатысты шешім қабылдау үшін бірлескен бақылау жасайтын тараптардың бірауызды келісімі қажет етілетін жағдайда ғана орын алады.

Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар қызметінің нәтижелері, активтері мен міндеттемелері үлестік қатысу әдісі бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынға инвестицияларды бастапқы тану кезінде өзіндік құны бойынша танылады, содан кейін олардың баланстық құны сатып алынған күннен кейін инвестициялар объектісінің пайдасындағы немесе залалындағы топтың үлесін тану есебінен ұлғаяды немесе азаяды. Қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынның шығындарындағы топтың үлесі қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорындағы оның қатысу үлесіне тең болғанда немесе осы үлестен асып кетсе, топ одан арғы шығындардағы өз үлесін тануды тоқтатады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кәсіпорынның қатысу үлесі нөлге дейін азайғаннан кейін қосымша шығындар мен міндеттемелер кәсіпорын заңды міндеттемелерді өзіне алған немесе қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорын атынан төлемдер жасаған шамада ғана танылады.

Инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша кәсіпорын қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорын болған күннен бастап ескеріледі. Инвестицияларды сатып алу кезінде олардың нақты құны мен объектісінің сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің таза әділ құнындағы кәсіпорын үлестерінің арасындағы кез келген айырма инвестициялардың баланстық құнының құрамына енгізілетін гудвилл ретінде ескеріледі. Қауымдасқан кәсіпорынның сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің таза әділ құнындағы топ үлесінің инвестициялар құнынан асып кету сомасы, инвестициялар сатып алынған кезеңдегі қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы инвестордың үлесін айқындау кезінде кіріс ретінде көрсетіледі.

Топ үлестік қатысу әдісін пайдалануды оның инвестициясы қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорын болуды тоқтатқан немесе сатуға арналған ретінде жіктелген күннен бастап тоқтатады. Егер бұрынғы қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорындағы қалған үлес қаржылық актив болып табылса, кәсіпорын қалған үлесті әділ құны бойынша бағалауға тиіс. Топ пайданың немесе залалдың құрамында қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың бір бөлігінің шығарылуынан түскен, кез келген қалған қатысу үлесінің әділ құны мен үлестік қатысу әдісін пайдалануды тоқтату күніне инвестициялардың әділ құны арасындағы айырманы таниды. Бұдан басқа бұған дейін осы кәсіпорынға қатысты басқа жиынтық кіріс құрамында танылған барлық сомалар Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей шығуын жүзеге асырғандай болып ескеріледі. Демек, егер бұрын өзге жиынтық кірістің құрамында Инвестициялар объектісі деп танылған табыс немесе залал тиісті активтер немесе міндеттемелер шығарылған кезде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныпталса, Топ үлестік қатысу әдісін пайдалануды тоқтатқан кезде капитал құрамынан кірісті немесе шығынды пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныптайды (қайта сыныптау кезіндегі түзету).

Егер қауымдасқан кәсіпорынның инвестициясы бірлескен кәсіпорынның инвестициясына айналса немесе бірлескен кәсіпорынның инвестициясы қауымдасқан кәсіпорынның инвестициясына айналса, топ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырады және қалған үлесті қайта бағаламайды.

Егер қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорындағы топты иеленудің тікелей үлесі азайса, бірақ топ үлестік қатысу әдісін пайдалануды жалғастырса, егер осы табыс немесе шығын тиісті активтер немесе міндеттемелер шығарылған кезде пайданың немесе зиянның құрамында қайта сыныпталуы талап етілсе, топ осы азаюмен байланысты басқа жиынтық табыстың құрамында бұрын танылған табыстың немесе залалдың белгілі бір үлесін пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныптайды.

Топ және оның қауымдастырылған немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы операциялар нәтижесінде туындайтын кірістер мен шығындар Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігінде олар осы қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорындағы топтың қатысу үлесіне жатпайтын шамада ғана танылады.

**Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер**

Ұзақ мерзімді активтер және шығарылатын активтер топтары, егер олардың баланстық құны негізінен өндірістік қызметте пайдалану процесінде емес, сату кезінде өтелетін болса, сатуға арналған ретінде жіктеледі. Егер актив (шығарылатын активтер тобы) осындай активтерді (топтарды) сатудың әдетте қабылданған шарттарына сәйкес ағымдағы жай-күйінде сатылуы мүмкін болса және сату ықтималдығы жоғары болса, осы шарт орындалды деп есептеледі. Басшылық активті сатуға арналған ретінде жіктелген сәттен бастап бір жыл ішінде сатуды аяқтауы керек.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Егер Топ еншілес кәсіпорынның бақылау пакетін сату жоспарын қабылдаса, оның барлық активтері мен міндеттемелері топтың сатылғаннан кейін бұрынғы еншілес кәсіпорындағы бақыланбайтын үлесті сақтауына қарамастан, жоғарыда көрсетілген өлшемдерді орындау кезінде сатуға арналған ретінде қайта сыныпталады.

Егер Топ қауымдастырылған немесе бірлескен кәсіпорынға салынымды немесе салынымның бір бөлігін сатуды көздейтін сату жоспарын ұстанса, сатылатын салыным немесе оның бөлігі жоғарыда көрсетілген критерийлерге сәйкес сатуға арналған ретінде жіктеледі және топ сатуға арналған ретінде жіктелген салыным бөлігі бойынша үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатады. Қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынға салынған салымның қалған бөлігі сатуға арналған ретінде қайта сыныпталмайды және үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетілуін жалғастырады. Топ шығу топтың қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынға елеулі ықпалын жоғалтуға әкеп соғатын сәтте үлестік қатысу әдісін пайдалануды тоқтатады.

Топ шығарылғаннан кейін IFRS 9 сәйкес бұрынғы қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорындағы қалған қатысу үлесін көрсетеді. Егер кәсіпорын қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорын болып қала берсе, Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырады.

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер (шығатын активтер топтары) қайта сыныптау сәтіндегі баланстық құнның ең азы және сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн бойынша бағаланады.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған амортизация сомасын және құнсызданудан болған залалдарды шегерумен бастапқы құны бойынша көрсетіледі. 2006 жылғы 31 желтоқсанға дейін сатып алынған негізгі құралдар тәуелсіз бағалаушы анықтаған, ХҚЕС-ке көшу күніне бастапқы құн болып табылатын әділ құны бойынша көрсетілген. Нақты құнға тиісті активті сатып алумен тікелей байланысты барлық шығындар енгізіледі.

Өндірістік немесе әкімшілік мақсаттарда одан әрі пайдалану үшін тұрғызылатын аяқталмаған құрылыс объектілері құнсызданудан болған кез келген мойындалған залалдарды шегерумен құрылыс құны бойынша есепке алынады. Құрылыс құны кәсіби қызметтер құнын, сондай-ақ жіктелетін активтер үшін Компанияның есеп саясатына сәйкес капиталдандырылатын қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Мұндай негізгі құрал объектілері құрылыстың аяқталу немесе мақсатты пайдалануға дайындығы кезінде негізгі құралдардың тиісті санаттарына жатады. Бұл активтер бойынша, сондай-ақ өзге жылжымайтын мүлік объектілері бойынша амортизация есептеу активтердің жоспарлы пайдалануға дайын кезінен басталады.

Амортизация ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде жою құнын біркелкі шегерумен негізгі құралдардың (жер учаскелерін және аяқталмаған құрылыс объектілерін қоспағанда) нақты құнын есептен шығару үшін есептеледі. Ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімі, баланстық құны және амортизация есептеу әдісі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер қаржы есептілігінде салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қараусыз көрсетіледі.

| **Активтер тобы** | **Ұтымды қызметтің орташа мерзімі** |
|---|---|
| Үйлер мен ғимараттар | 8 - 100 жыл |
| Машиналар мен жабдықтар | 3 - 20 жыл |
| Көлік құралдары | 3 - 10 жыл |
| Өзге активтер | 3 - 20 жыл |

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық жалдау шарттары бойынша алынған активтер пайдалы қолданудың күтілетін мерзімі ішінде топтың меншігіндегі активтер сияқты тәртіппен амортизацияланады. Алайда, меншік құқығы жалға алушыға жалдау мерзімінің соңында өтетініне негізделген сенім болмаған жағдайда, актив екі мерзімнің неғұрлым қысқа мерзімінде толығымен амортизациялануы керек: жалдау мерзімі және пайдалы қызмет мерзімі.

Негізгі құрал объектісі сатқан жағдайда немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құрал объектілерін сатудан немесе олардың өзге шығуынан түскен табыс немесе залал осы объектілердің сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және пайдалар мен залалдарда мойындалады.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер (бұдан әрі - «МЕА») жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалдарды шегергенде бастапқы құнымен есепке алынады. Амортизация бұл активтердің утымды қызметінің болжамды мерзімінің ішінде тура әдіспен 10-20% мөлшерлемемен есептеп шығарылады. Ұтымды қызметтің болжамды мерзімі және амортизация есептеу әдісі перспективалы негізде есепке алынатын бағалаудағы кез келген өзгерістерді ескере отырып, әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады.

**Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы**

Компания әрбір есепті күнге материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуын тексеруді жүргізеді. Мұндай белгілер анықталған жағдайда құнсызданудан болған залал (егер мұндай бар болса) мөлшерін анықтау мақсатында тиісті активтің өтелетін құны есептеп шығарылады. Өтелетін құн екі мәннің: өткізу шығыстарын шегергенде активтің әділ құны мен пайдалану құндылығының ең көбі ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде ақша қаражаттарының күтілетін болашақ ағындары уақытпен ақшаның құнын ағымдағы нарықтық бағасын және болашақ ақша ағындарын бағалау оған қатысты түзетілмеген активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау коэффициентін пайдаланумен ағымдағы құнына дейін дисконтталады.

Егер активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болып шығатын болса, бұл активтің (шоғырландырушы бірліктің) баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Құнсызданудан болған залалдар дереу пайдалар мен залалдарда көрсетіледі. Құнсызданудан болған залал қалпына келтірілетін жағдайда, активтің (шоғырландырушы бірліктің) баланстық құны оның өтелетін құнын жаңа бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін ұлғаяды, мұндайда жаңа баланстық құны осы актив (шоғырландырушы бірлік) бойынша алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал көрсетілмеген кездегідей анықталған баланстық құннан аспауы тиіс.

**Тауарлы-материалдық қорлар**

Тауарлы-материалдық қорлар (бұдан әрі - "ТМҚ") өзіндік құнның және өткізудің таза құнының ең аз мәні бойынша көрсетіледі. Өткізудің таза құны аяқтау және өткізу бойынша барлық болжамды шығындарды шегергендегі тауарлық-материалдық қорларды өткізудің ықтимал құнына негізделген.

Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны орташа өлшенген әдісті қолдана отырып есептеледі және материалдар бойынша тікелей шығындарды және еңбекке ақы төлеу бойынша тікелей шығындарды және тауарлы-материалдық қорларды олардың ағымдағы жай-күйіне жеткізу және қазіргі орналасқан жеріне жеткізу кезінде келтірілген үстеме шығыстарды қамтиды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### Қаржылық құралдарды мойындау

Компания қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзі құрал бойынша тиісті шарттың қатысушысы болатын кезде ғана қаржылық жағдай туралы өзінің жеке есебінде мойындайды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер операция күні есепке алу қағидатын пайдаланумен көрсетіледі.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер бастапқыда, мәмілелерді жасаумен байланысты шығындарды қоса алғанда немесе шегергенде, алынған немесе төленген сыйақының әділ құнын білдіретін өзіндік құны бойынша көрсетіледі, және кейіннен әділ құны немесе амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Әділ құн әдетте ресми нарықтық баға белгіленіміне сілтемемен анықталады. Егер нарықтық баға белгіленімі қолжетімсіз болса, әділ құн нарықтық деректерге негізделетін дисконтталған болашақ ақша ағындары секілді бағалау бойынша жалпы қабылданған әдістерді пайдалана отырып анықталады.

Тиімді проценттік мөлшерлеме әдісі борыштық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және тиісті кезеңге пайыздық табыстарды бөлу үшін пайдаланылады. Амортизацияланған құн тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін қолданумен бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл күтілетін болашақ ақша түсімдерін (тиімді процетінттік мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды және өзге сыйлықақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда) борыштық құралды өтеуге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылатын болса) борыштық құралды есепке қабылдау кезінде баланстық құнына дейін неғұрлым қысқа мерзімге дисконттау мөлшерлемесі.

### *Қаржылық аитивтер*

Қаржылық активтер келесі санаттарға сыныпталады: пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер («ПЗАӘҚА»), өтеуге дейін ұстап қалынатын инвестициялар, және «қарыздар мен дебиторлық берешек». Сыныптау қаржылық құралдардың сипаты мен мақсатына байланысты болады және бастапқы мойындау кезінде анықталады.

*Ақша қаражаты жәнс онң баламалары*

Ақша қаражаты және оның баламалары банк шоттарындағы қаражаттарды, жолдағы ақшаны, кассадағы қолма-қол ақша және бастапқы өтеу мерзіі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер.

*Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар*

Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар үш айдан бір жылға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

*Саудалық дебиторлық берешек*

Саудалық дебиторлық берешек күмәнді берешектер бойынша резервті шегерумен төлеуге ұсынылған шоттар сомасы бойынша бухгалтерлік есепте мойындалады және көрсетіледі. Күмәнді берешек бойынша резервті Компания дебиторлық берешек шартпен белгіленген мерзімді өтелмеген кезде есептейді. Күмәнді берешектер бойынша резерв кезең сайын қайта қаралады және, егер түзету қажеттілігі туындаса, тиісті сомалар осындай қажеттілік анықталған есепті кезеңнің жиынтық кіріс туралы есебінде көрсетіледі. Үмітсіз берешек анықталу шамасына қарай бұрын құрылған резерв есебінен есептен шығарылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

*Қарыздар және өзге дебиторлық берешек*

Қарыздар және өзге дебиторлық берешек тиянақталған немесе анықталатын төлемдері бар, белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін туынды емес қаржылық активтерді білдіреді. Қарыздар мен дебиторлық берешек құнсыздануды шегерумен тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Проценттік табысы мардымсыз болатын қысқа мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, проценттік табыс тиімді проценттік мөлшерлемені қолдану жолымен мойындалады.

*Өзге қаржы активтері*

Басқа қаржылық активтер белсенді нарықта баға белгіленбейтін тіркелген немесе айқындалатын төлемдері бар банктердегі депозиттер сияқты туынды емес қаржылық активтерді білдіреді. Мұндай активтер кез келген құнсыздануды шегере отырып, тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

*Қаржы активтерінің құнсыздануы*

Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын активтерден басқа қаржылық активтер әрбір есепті күнге құнсыздану көрсеткіштері бойынша бағаланады.

Қаржылық активтер қаржылық активті бастапқы мойындаудан кейін болған, мысалы: болжамды болашақта инвестициялар бойынша ақша қаражаты қозғалысының елеулі өзгерісі, эмитент немесе борышкер бастан кешіретін елеулі қаржылық қиындықтар, шарт талаптарының бұзылуы, қарызгердің қаржылық қиындықтарына байланысты кредитордың жеңілдік шарттарын беруі, қарызгердің банкроттық немесе қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығы, бул қаржылық актив үшін белсенді нарықтың жоғалуы секілді бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде болған объективті куәліктер болған кезде құнсызданады. Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржылық активтер үшін құнсыздану сомасы активтің баланстық құны мен бастапқы қолданылған процентік мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша қаражатының болжамды болашақ қозғалысының ағымдағы құны арасындағы айырманы білдіреді.

Баланстық құн күмәнді берешек бойынша резервті пайдалану арқылы азаятын саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, қаржылық активтің баланстық құны барлық қаржылық активтер бойынша тікелей құнсызданудан болған залалға азаяды.

Егер келесі кезеңде құнсызданудан болған залал сомасы азайса, және азаю құнсыздануды мойындаудан кейін болған оқиғамен объективті байланысты болса, онда құнсызданудан болған залалдың бурын мойындалған сомасы пайдада немесе залалда құнсыздануды түзетім күні инвестициялардың баланстық құны құнсыздану мойындалмаған кездегідей амортизацияланған құн құрауы мүмкін сомадан аспайтын шамада пайдадана немесе залалда түзетім жасалады.

***Қаржылық міндеттемелер және үлестік құралдар***

Компания шығарған борыштық және үлестік қаржылық құралдар тиісті шарттың мәніне, сондай-ақ қаржылық міндеттеме мен үлестік құралдың анықтамасына орай қаржылық міндеттемелер немесе капитал ретінде сыныпталады.

*Үлестік құрал* - бұл барлық міндеттемелері шегерілгеннен кейін кәсіпорын активтерінің үлесіне құқықты растайтын кез келген шарт. Компания шығарған үлестік құралдар шығаруға тікелей шығындарды шегергенде түсімдер мөлшерінде көрсетіледі.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алу тікелей капиталдан шегеріледі. Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде туындайтын кірістер мен шығыстар пайда мен залалда көрсетілмейді.

Дивидендтердің белгіленген сомасы бар *артықшылықты акциялар* шарттық келісімнің мәніне сәйкес біріктірілген қаржы құралы болып табылады. Осыған сүйене отырып, міндеттемелер мен капиталдың компоненттері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке ұсынылған. Бастапқы тану кезінде капитал компонентіне міндеттеменің құрауышы үшін айқындалған әділ құнның тұтас алғанда құралдың бастапқы баланстық құнынан шегерілгеннен кейін соманың қалдығы беріледі. Бастапқы тану кезінде міндеттеме компонентінің әділ құны ұқсас борыштық құралдан проценттің нарықтық мөлшерлемесі бойынша күтілетін ақша ағындарын шегеру жолымен есептеледі. Бұдан әрі міндеттеме құрамдауышы реттелген борыш сияқты қағидат бойынша, ал меншікті капитал құрамдауышы жарғылық капитал сияқты қағидат бойынша өлшенеді.

Қаржылық міндеттемелер шарттар бойынша міндеттемелер туындаған кезде көрсетілетін шарттық келісімдермен ұсынылған.

*Саудалық және өзге кредиторлық берешек*

Саудалық және көзге кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, ал кейіннен тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизацияланған құны бойынша қайта бағаланады.

*Қарыздар және тартылған қаражаттар*

Барлық қарыздар және тартылған қаражаттар бастапқыда қарыз қаражаттарын тартумен байланысты шығыстарды ескере отырып, алынған ақша қаражатының әділ құнын білдіретін құны бойынша есепке алынады.

Бастапқы мойындаудан кейін проценттік қарыздар мен тартылған қаражаттар тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Капиталдандырылуы тиіс қарыздар бойынша шығыстарды қоспағанда, табыстар мен шығыстар (мысалы, үшінші тараптардың кепілдіктері бойынша комиссия) міндеттемені мойындау тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ амортизацияны есепке алу кезінде жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

*Өзара есепке алулар*

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы мүмкін, және таза сома мойындалған сомаларды өзара есепке алудың заңды құқығы болған және Топтың өзара есепке алуды жүргізу, не бір мезгілде активті өткізу және міндеттемені өтеу ниеті болған жағдайда ғана қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген.

*Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер*

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері туынды құралдар немесе бағалы қағаздар болып табылады, (1) қысқа мерзім ішінде сатудың негізгі мақсатымен сатып алынған, (2) оларды басқару бірлесіп жүзеге асырылатын және құрылымы қысқа мерзімді перспективада пайда алу ниетін іс жүзінде куәландыратын сәйкестендірілетін қаржы құралдары портфелінің бөлігі болып табылатын немесе (3) топ бастапқыда қаржы активтері мен міндеттемелері ретінде көрсеткен, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бастапқыда және кейіннен әділ құн бойынша бағаланады. Топ туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелердің әділ құнын айқындау үшін бағалауды пайдаланады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құнын түзету жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ осы қаржы құралдарын иелену кезеңі ішінде қаржы құралдарын осы санатқа немесе осы санаттан қайта жіктеуді жүргізбейді.

**Қаржылық активтерді және міндеттемелерді мойындауды тоқтату**

***Қаржылық активтер***

Қаржылық активті (немесе, қолдануға болатын жерде, қаржылық активтің бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігін) мойындау мынадай:

- активтен ақша қаражатының ағынын алу құқығы аяқталған;
- Компания активтен ақша қаражатының ағынын алу құқығын сақтап қалған, бірақ табыстау келесіміне сәйкес үшінші тарапқа елеулі кідіртусіз оларды толықтай төлеу міндеттемесін қабылдаған, және, негізінен, бұл актив бойынша барлық тәуекелдер мен игіліктерді берген; немесе
- Компания активтен ақша қаражатының ағынын алу құқығын берген, және не (а) негізінен, бұл актив бойынша барлық тәуекелдер мен игіліктерді берген, немесе (б) актив бойынша ешқандай тәуекелдерді бермеген және ұстап қалмаған, бірақ активті бақылауды берген жағдайларда тоқтатылады.

Егер Топ активтен ақша қаражатының ағынын алу құқығын берсе және актив бойынша барлық тәуекелдер мен игіліктерді бермесе, және ұстап қалмаса, және активті бақылауды бермесе, онда актив Топ активке қатысуды жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Берілген актив бойынша кепілгерлік нысанында болатын қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құны мен өтем ретінде Компаниядан талап етілуі мүмкін өтемнің ең жоғары сомасы мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

***Қаржылық міндеттемелер***

Қаржылық міндеттемені (немесе қаржылық міндеттеменің бөлігін) мойындау ол өтелген, яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған, жойылған немесе оның қолданыс мерзімі аяқталған кезде тоқтатылады.

**Табысты мойындау**

Табыстар Компанияның белгілі экономикалық игілікті алуының және табыс дәлдіктің жеткілікті дәрежесімен есептеле немесе бағалана алуының ықтималдығы болатын шамада мойындалады.

***Тауарларды өткізу***

Тауарларды өткізуден түскен табыс тауардың жеткізілу және меншік құқығының өту фактісі бойынша мойындалады.

***Қызметтер көрсету***

Қызметтер ұсынудан түскен түсім есепті күнге шарт бойынша жұмыстардың аяқталу дәрежесіне орай мойындалады. Аяқталу дәрежесі есепті күнге дейін жұмыстарды орындау шығындарының шарт бойынша шығындардың жалпы сомасындағы үлесі ретінде анықталады, бұған бұл үлес жұмыстың аяқталу дәрежесін көрсетпейтін жағдай кірмейді. Егер шарт бойынша қаржылық нәтиже сенімді есептеле алмайтын болса, түсім шарт бойынша жұмсалған шығындардың күтілетін өтемі сомасында ғана көрсетіледі. Шарт бойынша шығындар жұмсалған кезеңінде шығыстарға есептен шығарылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

***Құрылысқа арналған шарттар***

Егер құрылысқа арналған шарттың қаржылық нәтижесі сенімді есептеу мүмкін болса, түсім мен шығыстар есепті күнге шарт бойынша жұмыстардың аяқталу дәрежесіне бара-бар деп танылады. Аяқталу дәрежесі, бұл үлес жұмыстардың аяқталу дәрежесін көрсетпейтінін қоспағанда, шарт бойынша шығындардың жалпы есептік сомасындағы есепті күнге дейінгі жұмыстарды орындауға арналған шығындардың үлесі ретінде айқындалады. Орындалған жұмыстардың көлемі, наразылықтар және көтермелеу төлемдері бойынша ауытқулар олар сенімді бағалануы мүмкін дәрежеде ескеріледі және оларды алу ықтималдығы жоғары болып саналады.

Егер құрылысқа арналған шарттың қаржылық нәтижесін сенімді есептеу мүмкін болмаса, шарт бойынша түсімнің өтелуі ықтимал шарт бойынша келтірілген шығындар сомасында ғана танылады. Шарт бойынша шығындар олар шеккен кезеңдегі шығыстар ретінде танылады.

Егер шарт бойынша, жиынтық шығындардың шарт бойынша жиынтық түсімнен асып кетуі ықтимал болса, күтілетін шығын дереу шығыс ретінде танылады.

Егер келтірілген шығындар және танылған пайда шығындарды шегергенде аралық шоттардың сомасынан асып кетсе, сол сомасы Тапсырысшыға шарт бойынша жұмыстар үшін тиесілі ретінде ашып көрсетіледі. Аралық шоттардың сомасы келтірілген шығындардан асатын шарттар бойынша "плюс" танылған пайда, танылған залалдар шегеріле отырып, асып кету сомасы Тапсырысшыға шарт бойынша жұмысқа тиесілі ретінде ашып көрсетіледі. Тапсырыс берушіден шарт бойынша жұмыстарды орындағанға дейін алынған сомалар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттемелер, алынған аванстар ретінде ашылады. Орындалған, бірақ төленбеген жұмыс үшін ұсынылған шоттардың сомасы дебиторлық және өзге де берешек сияқты қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ашылады.

**Қарыздар бойынша шығындар**

Жоспарлы пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін елеулі уақыт қажет болатын активтерді сатып алумен, құрылысын салумен немесе құрумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар оларды жоспарлы пайдалануға немесе сатуға дайын болғанға дейін осындай активтердің құнына енгізіледі.

Сыныпталатын активтерді сатып алуға оларды жұмсаған кезге дейін алынған қарыз қаражаттарын уақытша инвестициялау нәтижесінде алынған табыс қарыз қаражаттарын тарту шығыстарынан шегеріледі.

Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар пайда болу шамасына қарай пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

**Зейнетақы міндеттемелері**

Компания жұмыскерлердің жалақысынан 10% мөлшеріндегі төлемді зейнетақы қорларына аударым ретінде жүзеге асырады, бірақ айына 252,500 теңгеден аспайды (2018 ж.: 212,500 теңгеден аспады). Зейнетақы қорларына төлемдер жұмыскерлердің жалақысынан ұстап қалынады және жиынтық кіріс туралы жеке есепте жалақы мен аударымдар бойынша жалпы шығыстарға енгізіледі.

**Салық салу**

Кіріс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомасын білдіреді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

***Ағымдағы салық***

Ағымдағы салық сомасы жыл ішіндегі салық салынатын пайданың шамасына қарай анықталады. Салық салынатын пайда салық салынуы тиіс немесе басқа жылдары салық салу мақсаты үшін шегерілуі тиіс табыстар немесе шығыстар баптарына орай жиынтық табыс туралы жеке есепте көрсетілген пайдадан ерекшеленеді, сондай-ақ салық салынбайтын немесе салық салу мақсатында шегерімге жатпайтын баптарды мүлдем жояды. Пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген салық салу мөлшерлемелерін пайдаланумен есептеп шығарылады.

***Кейінге қалдырылған салық***

Кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмаға қатысты мойындалады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, барлық салық салынатын уақытша айырмаларды ескерумен көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмаларды ескере отырып, осы уақытша айырмаларды пайдалану үшін болашақта салық салынатын баланстық пайданың болу ықтималдығы жоғары болған кезде көрсетіледі. Егер уақытша айырмалар гудвиллмен байланысты болса немесе салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да ықпал етпейтін мәмілелер (бизнестерді біріктіру жөніндегі мәмілелерден басқа) шеңберінде басқа активтерді және міндеттемелерді бастапқы мойындау салдарынан туындайтын болса, салық активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілмейді. Бұған қоса, егер уақытша айырмалар гудвиллді бастапқы мойындау нәтижесінде туындайтын болса, кейінге қалдырылған салық міндеттемелері қаржы есептілігінде көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері топтың уақытша айырманы қалпына келтіру мерзімдерін бақылау мүмкіндігі болған және осы айырманың таяу болашақта қайтарылмау ықтималдығы жоғары болған жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, қауымдасқан кәсіпорындарға, сондай-ақ бірлескен қызметке жататын салық салынатын уақытша айырмаларды ескере отырып көрсетіледі. Еншілес кәсіпорындар, Қауымдасқан кәсіпорындар және бірлескен қызмет бойынша кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін уақытша айырмаларды пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданы болашақта алудың жоғары ықтималдығы және оларды таяу болашақта пайдалануды күту шартымен танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және, егер осы активтерді толық немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданың болашақта болуының ықтималдығы жоғары болып табылмаса, азайтылады. Кіріс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген және салық активін өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелерін (сондай-ақ салық заңнамасының ережелерін) пайдаланумен есептеп шығарылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалау активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын жабу немесе өтеу тәсілдеріне қатысты Топ ниетінің (есепті күнге жағдай бойынша) салықтық салдарларын көрсетеді.

**Жыл ішіндегі ағымдағы және кейінге қалдырылған салық**

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар, өзге жиынтық кірістің немесе меншікті капиталдың құрамына тікелей жатқызылатын баптарға олар тікелей қатысты болатын жағдайларды қоспағанда, пайда мен залалда мойындалады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар сонымен қатар тиісінше өзге жиынтық кірісте немесе тікелей капиталда мойындалады. Ағымдағы немесе кейінге қалдырылған салық бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелерді бастапқы есепке алу нәтижесінде туындаған жағдайда, салықтық әсері осы мәмілелерді есепке алу кезінде көрсетіледі.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Резервтер**

Алдағы шығыстардың резервтері Топтың өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған міндеттемелері (заңдық немесе іскерлік орта нормаларымен шарттастырылған) болған және Компания бұл міндеттемелерді өтеуі тиіс болуының, ал мұндай міндеттемелердің мөлшері бағалана алуының ықтимaлдығы жоғары болған кезде есепте көрсетіледі.

Есепте көрсетілетін алдағы шығыстар резервінің шамасы бұл міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып, есепті күнге анықталған міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең жақсы бағасын білдіреді. Егер алдағы шығыстар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу жөніндегі болжамды ақша ағындарының негізінде есептеп шығарылатын болса, онда алдағы шығыстар резерві мұндай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт бойынша ақша құнының ықпалы елеулі болып табылса).

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдерді үшінші тарап ішінара немесе толықтай өтейді деп күтілетін болса, тиісті дебиторлық берешек өтемнің алынатынына және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау үшін мүмкіндіктің болатынына толық сенімділік бар болған кезде актив ретінде көрсетіледі.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЖОРАМАЛДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

Шоғырландырылған қаржы есептілігін ХҚЕС-ке сәйкес дайындау Топ басшылығының активтер мен міндеттемелердің есепке алынған сомасына және шоғырландырылған қаржы есептілігіне қол қою күніне әлеуетті активтер және міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға және есепті кезеңнің ішінде табыстар мен шығыстардың есепке алынған сомаларына ықпал ететін тұжырымдарды дайындауын және субъективті бағалаулар мен жорамаларды пайдалануын көздейді. Осы бағалаулар тарихи білімдерге және басқа елеулі факторларға негізделуіне қарамастан, оқиғалар немесе әрекеттер нақты нәтижелер бағалаудан ерекшеленетіндей болып қалыптасуы мүмкін.

**Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған елеулі жорамалдар**

Төменде Топ басшылығы Топтың есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланған және шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген сомаға неғұрлым елеулі ықпал ететін бағалаудағы белгісіздік болатындардан басқа елеулі жорамалдар аталған.

*«Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС, «Талес Казахстан инжиниринг» ЖШС, «Казахстан А8ЕТ5АЛ/ инжиниринг» ЖШС-ін бірлескен кәсіпорындар ретінде сыныптау*

«Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС, «Талес Казахстан инжиниринг» ЖШС, «Казахстан А5Е18АМ инжиниринг» ЖШС бірлескен қызметін оның қатысушыларынан бөлуді көздейтін жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Бірлескен қызметтің қатысушылары активтерге құқықн-ы иеленуін және бірлескен қызметтің міндеттемелері бойынша жауап беруін көрсететін өзге фактілер мен жағдайлар анықталмады. Тиісінше, бұл бірлескен іс-шараларға инвестициялар бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар ретінде сыныпталды (7-ші ескертпе).

**Бағалаудағы белгісіздіктің өзекті дереккөздері**

Төменде келесі қаржы жылының ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетуге алып келу ықтималдығы жоғары болатын есепті кезеңнің соңында бағалаудағы белгісіздіктің болашақ және басқа негізгі көздеріне қатысты негізгі жорамалдар келтірілген.

*Негізгі құралдардың утымды қызмет мерзімі*

Топ әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында негізгі құралдардың ұтымды қызмет мерзімін қарайды. Активті ұтымды пайдалану мерзімін бағалау: экономикалық пайдалану, жөндеу және қызмет ету жөніндегі бағдарламалар, технологиялық жақсартулар және өзге іскерлік шарттар секілді факторларға байланысты болады. Негізгі құралдардың ұтымды қызмет мерзімін басшылықтың бағалауы бұл шоғырландырылған қаржы есептілігі күніне бар тиісті ақпаратты көрсетеді.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЖОРАМАЛДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ (жалғасы)

*Салық салу*

Қазақстанның әртүрлі заңнамалық актілері мен нормаларының жазылуы әрдайым анық бола бермейді, және оларды түсіну жергілікті салық инспекторларының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пікіріне байланысты болады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылығы болатын жағдайлар сирек емес. Қазақстан заңдарын, қаулыларын және стандарттарын жарияланған және анықталған бұзуларға қатысты айыппұлдар мен өсімпұлдар есептеудің қазіргі режимі өте қатал. Бұл ретте салық органдары қосымша салықтарды қосымша есептеген жағдайда, айыппұлдар мен өсімпұлдардың қазіргі мөлшері елеулі шамада белгіленген; айыппұл мөлшері қосымша есептелген салық сомасының 50%-ын құрайды және өсімпұл мөлшері уақтылы төленбеген салық сомасының 13.75%-ын құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар қосымша есептелген салықтар сомасынан асып түсуі мүмкін.

Топ басшылығы Топ барлық қолданылатын салықтарды төледі немесе есептеді деп санайды. Түсініксіз жағдайларда Топ салық міндеттемелерін басшылықтың негізді бағалауларының негізінде есептеді. Топтың саясаты сомасы дәлдіктің жеткілікті дәрежесімен анықтала алатын залалдардың туындау ықтималдығы бар болатын есепті кезеңде резервтер қалыптастыруды көздейді.

Қазақстанның салық жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдың әлеуетті сомасы қазіргі уақытта шығыстарға жатқызылған және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сомадан асып түсуі мүмкін. Пайда болуы мүмкін талап етілмеген арыздар сомасын, егер мұндайлар бар болса, немесе кез келген қолайсыз нәтиженің ықтималдығын анықтау мүлдем мүмкін емес.

*Кейінге қалдырылған салық активтері*

Кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге бағаланады және активтің бүкіл сомасы немесе бөлігі оның есебінен өтелуі мүмкін жеткілікті салық салынатын пайданың болу ықтималдығы енді болмайтындай дәрежеде азаяды. Мұндай ықтималдықты бағалау өндіріс пен өнімділіктің күтілетін көлемі негізіндегі тұжырымдарды, сондай-ақ Топтың қаржылық міндеттемелерін өтеуді қамтиды.

Топ басшылығы есепті күнге кейінге қалдырылған салық активтеріне қатысты резерв құрудың қажет емес екеніне сенімді, өйткені кейінге қалдырылған салық активтері 50%-дан астам ықтималдықпен толықтай өткізілетін болады. 2019 және 2018 жж. 31 желтоқсанда кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны тиісінше 2,503,879 мың және 3,416,002 мың теңге болды.

*Күмәнді дебиторлық берешек және тауарлы-материалдық қорлар*

Басшылықтың күмәнді дебиторлық берешек және тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервті анықтауы басшылықтан Топтың бұл активтерді өткізу қабілетін үздік бағалау негізінде жорамалдарды қолдануын талап етеді. Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп күнінен кейін жалпы экономикадағы өзгерістер нәтижесінде немесе басқа ұқсас жағдайларда басшылық бұл шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау кезінде жасалған қорытындылардан ерекшеленуі мүмкін қорытынды жасауы мүмкін.

## 5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Операциялық сегменттер түсімді генерациялауға және операциялық нәтижелерін жедел басқарудың жоғары органы үнемі талдайтын және олар үшін жеке қаржылық ақпараты бар шығыстармен байланысты болатын шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жекелеген компоненттерді білдіреді. Операциялық басқарудың жоғарғы органын ресурстарды бөлетін және топ қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе адамдар тобы ұсына алады.

*(а) Операциялық сегменттердің сипаттамасы*

Топ келесі негізгі операциялық сегменттер аясында жұмыс істейді:

- «Азаматтық мақсаттағы өнім» сегменті;
- «Арнайы өнімдер және қосарлы мақсаттағы өнімдер» сегменті;
- Басқа сегменттер: жалпы Топ үшін маңызды емес болып табылатын өзге қызмет түрлері.

*(ә) Есеп беру сегменттерін анықтау үшін басшылық қолданатын факторлар*

Топ сегменттері – бұл әр түрлі қосымша құны бар әр түрлі өнімдер шығаратын және әр түрлі клиенттерге бағытталған стратегиялық бизнес бірліктер. Олар бөлек басқарылады, өйткені әр бизнес бірлігі үшін өз нарығы мен технологиялары қажет.

*(б) Өнімдер мен қызметтер тұрғысынан кірістерді талдау*

| | **2019 жыл** | **2018 жыл** |
|---|---|---|
| Азаматтық мақсаттағы өнімді сатудан түскен кіріс | 9,275,236 | 7,621,921 |
| Арнайы өнімдерді және қос мақсаттағы өнімдерді сатудан түскен кіріс | 85,921,069 | 98,183,066 |
| Сервистік қызметтер көлемі (инжиниринг) | - | 1,257,839 |
| **Түсім жиыны** | **95,196,305** | **107,062,826** |

*(г) Операциялық сегменттердің пайдасын немесе залалын, активтері мен міндеттемелерін бағалау*

Жоғарғы жедел басқару органы ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікке сәйкес жалпы пайда негізінде әрбір сегмент қызметінің нәтижелерін бағалауды орындайды.

Сегменттер арасындағы өзара есеп айырысулар әрбір сегмент қызметінің нәтижелерін бағалауға енгізіледі. Үшінші тұлғаларға сатудан түскен түсім туралы жоғарғы жедел басқару органына берілетін ақпарат пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепті дайындау кезінде пайдаланылған есепке алу қағидаттарының негізінде дайындалады.

Топ сегменттің активтері мен міндеттемелері бойынша ақпаратты ұсынбайды, өйткені мұндай ақпарат жоғарғы жедел басқару органының қарауына тұрақты түрде ұсынылмайды.

## 5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (жалғасы)

Сегменттік ақпарат келесідей берілген:

| *2019 жыл* | **Азаматтық мақсаттағы өнім** | **Арнайы өнімдер және қосарлы мақсаттағы өнімдер** | **Сервистік қызметтер көлемі (инжиниринг)** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|---|
| Түсім | 9,275,236 | 85,921,069 | - | 95,196,305 |
| **Сегменттік түсім** | **9,275,236** | **85,921,069** | **-** | **95,196,305** |
| **Жалпы пайда** | **400,480** | **9,302,655** | **-** | **9,703,135** |
| *Салыстыру* | | | | |
| Әкімшілік шығыстар | | | | (6,246,493) |
| Іске асыру бойынша | | | | (1,057,987) |
| Өзге кірістер/ (шығыстар), нетто | | | | (2,680,056) |
| Қаржылық кірістер | | | | 823,162 |
| Қаржылық шығыстар | | | | (3,853,838) |
| Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың пайдадағы/(шығындағы) үлесі | | | | 21,125 |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | | | (3,290,952) |
| Кіріс салығы бойынша жұмсалатын шығыстар | | | | (1,703,856) |
| **Жыл ішіндегі пайда** | | | | **(4,994,808)** |

| **2018 жыл** | **Азаматтық мақсаттағы өнім** | **Арнайы өнімдер және қосарлы мақсаттағы өнімдер** | **Сервистік қызметтер көлемі (инжиниринг)** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|---|
| Түсім | 7,621,921 | 98,183,066 | 1,257,839 | 107,062,826 |
| Сегменттік түсім | **7,621,921** | **98,183,066** | **1,257,839** | **107,062,826** |
| Жалпы пайда | **488,952** | **5,607,971** | **309,656** | **6,406,579** |
| *Салыстыру* | | | | |
| Әкімшілік шығыстар | | | | (4,373,429) |
| Іске асыру бойынша шығыстар | | | | (1,065,370) |
| Өзге кірістер/ (шығыстар), нетто | | | | 1,207,510 |
| Қаржылық кірістер | | | | 142,194 |
| Қаржылық шығыстар | | | | (2,638,599) |
| Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың пайдадағы/(шығындағы) үлесі | | | | (357,928) |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | | | (679,043) |
| Кіріс салығы бойынша жұмсалатын шығыстар | | | | (899,581) |
| **Жыл ішіндегі пайда** | | | | **(1,578,624)** |

## 5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (жалғасы)

*(д) Географиялық ақпарат*

Әрбір жеке ел бойынша түсім (оның материалдылығы жағдайында) мынадай түрде жеке көрсетіледі:

| | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|---|---|
| Қазақстан | 89,197,816 | 101,542,854 |
| Ресей | 5,161,025 | 5,343,810 |
| Польша | 511,517 | - |
| Қытай | 167,691 | - |
| Тәжікстан | 89,844 | - |
| Үндістан | 55,271 | - |
| Беларусь | 7,353 | 4,872 |
| Испания | 5,788 | - |
| Финляндия | - | 171,290 |
| **ХҚЕС сәйкес деректер бойынша** | **95,196,305** | **107,062,826** |

Ұзақ мерзімді активтер топтың резиденттік елінде орналасқан және келесідей жеке көрсетіледі (кейінге қалдырылған салық активтері мен қаржы активтерін қоспағанда):

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қазақстан | 26,532,059 | 23,232,514 |
| **ХҚЕС сәйкес деректер бойынша** | **26,532,059** | **23,232,514** |

*(е) Ең ірі клиенттер*

2019 және 2018 жылдардағы жалпы түсімнің 10 немесе одан да көп бөлігін құрайтын клиенттерден түскен түсім келесідей берілген:

| | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|---|---|
| «Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» ММ | 29,660,655 | 11,469 |
| ҚР «Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті» РММ | 25,586,228 | - |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы | 6,313,201 | 8,307,888 |
| «ҚР ҰҚК ШҚ жағалау күзеті өңірлік басқармасы» РММ | 3,887,591 | 4,157,457 |
| «Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі» ММ | 2,188,772 | - |
| «ҚР ҰҚК үкіметтік байланыс қызметі» ММ | 1,267,211 | 1,078,704 |
| «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі» ММ | - | 70,157,077 |
| «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті» РММ | - | 2,097,684 |
| «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті» РММ | 29,000 | 23,000 |
| «2020 әскери бөлімі» РММ | - | 44,926 |

## 5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (жалғасы)

| *Ең ірі клиенттер (жалғасы)* | **2019 жыл** | **2018 жыл** |
|---|---|---|
| "Тенгизшевройл" ЖШС | 94,761 | 44,424 |
| "КТЖ-Грузовые перевозки" ЖШС | 1,228,400 | 1,226,446 |
| "Улан-Удэнский Авиационный завод" АҚ | 1,307,875 | - |
| "Рособоронэкспорт" АҚ | 1,497,015 | 2,322,377 |
| "THORMEX" ЖШҚ Польша | 511,517 | - |
| "ЦС "Звездочка" АҚ | 72,371 | 175,551 |
| Үндістанның Қорғаныс министрлігі | 55,271 | - |
| "СКБК" АҚ | 386,840 | - |
| "GS-TEKHO OY/LTD" (Финляндия) | - | 171,290 |
| "Мангистаумунайгаз" АҚ | 922,220 | 808,768 |
| "Озенмунайгаз" (Жанаөзен) АҚ | 2,127,241 | 1,506,501 |
| "НПК "Энергоинфотранс" ЖШҚ | 125,967 | - |
| "Enigma International" (Енигма Интернатионал) ЖШС | 168,801 | - |
| "Алматы электр станциялары" АҚ | - | 708,839 |
| «Батыс Қазақстан машинажасау компаниясы» АҚ | 23,016 | - |
| "Камкор Вагон" ЖШС | 60,936 | 99,163 |
| "Эмбамунайгаз" АҚ | 401,047 | 60,470 |
| "Cool Infinity" (Машиностроительная корпорация Прохладная) ЖШС | 100,178 | - |
| **Жиыны** | **78,016,114** | **93,002,034** |

## 6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

| | Жер | Үйлер мен ғимараттар | Машиналар, жабдық және көлік құралдары | Өзге активтер | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Сатып алу құны немесе бағалау құны** | | | | | | |
| 2018 ж. 1 қаңтарға | 402,312 | 16,933,836 | 12,736,774 | 1,401,701 | 528,187 | 32,002,810 |
| Түсулер | 712,053 | 507,592 | 665,067 | 99,489 | 628,455 | 2,612,656 |
| ТМҚ-дан аудару | - | - | 16,918 | 4,374 | 54 | 21,346 |
| ТМҚ-ға аудару | - | - | (7,574) | (722) | (790) | (9,086) |
| Ішкі орын ауыстыру | - | 302,149 | 294,186 | 82,528 | (678,863) | - |
| Істен шығуы | (9,251) | (71,019) | (78,650) | (25,876) | (477,043) | (661,839) |
| 2018 ж. 31 желтоқсанға | **1,105,114** | **17,672,558** | **13,626,721** | **1,561,494** | **-** | **33,965,887** |
| Түсулер | 101,290 | 69,540 | 487,420 | 87,781 | 2,866,744 | 3,612,775 |
| ТМҚ-дан аудару | - | - | 39,439 | 4,865 | 1,568,426 | 1,612,730 |
| ТМҚ-ға аудару | - | - | (23,864) | - | - | (23,864) |
| Ішкі орын ауыстыру | - | 100,028 | 2,974,059 | 85,216 | (3,159,303) | - |
| Істен шығуы | (19,832) | (687,902) | (505,968) | (207,699) | 58,505 | (1,362,896) |
| 2019 ж. 31 желтоқсанға | **1,186,572** | **17,154,224** | **16,597,807** | **1,531,657** | **1,334,372** | **37,804,632** |
| **Жинақталған амортизация және құнсыздану:** | | | | | | |
| 2018 ж. 1 қаңтарға | - | (2,224,411) | (6,047,245) | (753,220) | - | (9,024,876) |
| Жыл ішінде жинақталған тозу | - | (631,400) | (1,059,418) | (99,943) | - | (1,790,761) |
| Ішкі орын ауыстыру | - | (39,809) | (39,271) | 79,080 | - | - |
| Істен шығуы | - | 7,001 | 63,504 | 11,759 | - | 82,264 |
| 2018 ж. 31 желтоқсанға | - | **(2,888,619)** | **(7,082,430)** | **(762,324)** | - | **(10,733,373)** |
| Тозу бойынша шығыстар | - | (512,659) | (1,038,689) | (127,683) | - | (1,679,031) |
| Істен шығуы | - | 61,159 | 930,092 | 84,255 | - | 1,075,506 |
| 2019 ж. 31 желтоқсанға | - | **(3,340,119)** | **(7,191,027)** | **(805,752)** | - | **(11,336,898)** |
| **Баланстық құны:** | | | | | | |
| 2019 ж. 31 желтоқсанға | **1,186,572** | **13,814,572** | **9,406,780** | **725,905** | **1,334,372** | **26,467,734** |
| 2018 ж. 31 желтоқсанға | **1,105,114** | **14,783,939** | **6,544,291** | **799,170** | **-** | **23,232,514** |

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланста бастапқы құны 1,981,470 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1,828,896 мың теңге), өздігінен амортизацияланған негізгі құралдар бар.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы құны 553,391 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 573,362 мың теңге) негізгі құралдар қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде үшінші тараптарға кепілге берілді.

## 7. ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызмет түрлері, орналасу жері және Топқа тиесілі үлесі көрсетілген топтың еншілес кәсіпорындарының тізімі келесідей берілген:

| Атауы | Қызметінің сипаты | Елі | Дауыс беретін акциялардың пайызы | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 31 желтоқсан 2019 ж. | 31 желтоқсан 2018 ж. |
| «ҚИ 811 автожөндеу зауыты» АҚ | Қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің («ҚӨК») техникасына, күш беру тораптары мен агрегаттарына жөндеу жұмыстарын жүргізу; жабдықтарды жаңғырту | Казахстан | 100% | 100% |
| «С.М. Киров атындағы зауыт» | Теміржол кешеніне арналған навигациялық жүйелер, радиостанциялар, басқару пульттері; мұнай-газ кешеніне арналған басқару блоктары және автоматтандырылған құрылғылар | Казахстан | 100% | 100% |
| С. М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ | Суасты теңіз қаруы және теңіз кемелері үшін жанудың гидравлика және автоматика бұйымдары; өндіруші өнеркәсіп үшін пневмоперфораторлар; теміржол кешеніне арналған қосалқы бөлшектер | Казахстан | 98% | 98% |
| «Мұнаймаш» АҚ | Мұнай-газ секторы үшін ұңғымалық қарнақты сорғылар, халықтұтынатын тауарлар («ХТТ») | Казахстан | 52% | 52% |
| «НИИ Гидроприбор» АҚ | Мұнай-газ секторы үшін ұңғымалық қарнақты сорғылар, халықтұтынатын тауарлар («ХТТ»), Конструкторлық және зерттеушілік жұмыстар, сондай- актеңіз, өзен катерлерін, корабльдерін, кемелерін және басқа жүзу құралдарын және суасты аппараттарын, жер бетіндегі және әуе роботтары мен катерлерін, құбыр желілерін, бұрғылау ұңғымаларын, суасты объектілерін суасты зерттеуге және жөндеуге арналған жабдықтар дайындау. | Казахстан | 90% | 90% |
| «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ | Мұнай кәсіпшіліктеріне арналған арнайы техника, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, темір жолдарды жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған құралдар, Жылжымалы құрам бөлшектері; ҚӨК өнімдерін өндіру және сату, мамандандырылған техниканың қазіргі заманғы үлгілерін өндіру және жаңғырту | Казахстан | 100% | 100% |
| «Семей инжиниринг» АҚ | ҚӨК техникасын жөндеу; қозғалтқыштар, тасымалдау машинлары. | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Семей машина-құрылыс зауыты» АҚ | Шынжыр табанды тартқыш транспортерлер, жүк вагондарына арналған Люк қақпақтары, инженерлік техниканы жөндеу | Қазақстан | 99% | 99% |

| Атауы | Қызметінің сипаты | Елі | Дауыс беретін акциялардың пайызы | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 31 желтоқсан 2019 ж. | 31 желтоқсан 2018 ж. |
| «Тыныс» АҚ | Медициналық техника, газ қысымды арматура, авиа. бұйымдар, құбырлар, өрт сөндіру құралдары | Қазақстан | 99% | 99% |
| «Орал «Зенит» зауыты» АҚ | ҚР ӘТК арналған катерлер мен кемелер; болат конструкцияларды, мұнай-газ кешеніне арналған қосалқы бөлшектерді жобалау және дайындау | Қазақстан | 95% | 95% |
| «R&D center Казахстан Инжиниринг» ЖШС | ҚӨК кәсіпорындары үшін мамандандырылған өнімнің жаңа түрлерін әзірлеу және игеру | Қазақстан | 100% | 100% |
| «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС | Авиациялық техниканы жөндеу және қызмет көрсету | Қазақстан | 100% | 100% |
| «СП «Қорғау инжиниринг» ЖШС | Адамның тыныс алу органдарын қорғаудың жеке құралдарын өндіру және жеткізу | Қазақстан | 100% | 100% |

## 8. ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар мынадай түрде берілген:

| Атауы | Қызметінің сипаты | Елі | 2019 жылғы 31 желтоқсан | | 2018 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Баланстық құны | Иелену үлесі, % | Баланстық құны | Иелену үлесі, % |
| Қауымдасқан кәсіпорындар: | | | | | | |
| «КАМАЗ инжиниринг» АҚ | Автобустарды, автомобильдерді, арнайы техниканы және оларға қосалқы бөлшектерді өндіру және сату | Қазақстан | 250,872 | 25.00% | 255,211 | 25.00% |
| Өзгелері | | | - | 49.00% | 53,340 | 49.00% |
| **Құнсыздануға арналған резерв** | | | **(3,303)** | | **-** | |
| **Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар жиыны** | | | **247,569** | | **308,551** | |
| Бірлескен кәсіпорындар: | | | | | | |
| «Казахстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС | Электрондық-оптикалық аспаптар өндірісі | Қазақстан | 3,734,782 | 50.00% | 3,394,480 | 50.00% |
| «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС | Тікұшақтарды өндіру және оларға техникалық қызмет көрсету | Қазақстан | 1,200,470 | 50.00% | 1,100,738 | 50.00% |
| «Талес Казахстан инжиниринг» ЖШС | Электрондық жабдықтарды, жүйелерді және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, жасау және сату және осыған байланысты қызметтерді ұсыну; ҚӨК үшін радио және коммуникациялық жабдықтарды жасау, сату және техникалық қызмет көрсету | Қазақстан | - | 50.00% | - | 50.00% |
| **Құнсыздануға арналған резерв** | | | **-** | | **-** | |
| **Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар жиыны** | | | **4,935,252** | | **4,495,218** | |

Жоғарыда аталған барлық қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар Топтың қызметі үшін стратегиялық болып табылады.

## 8. ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Топ директорлар кеңесінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен топ активтерін қайта құрылымдаудың 2016 жылға арналған жоспары бекітілді, оған сәйкес «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС тарату жоспарлануда. 2017 жылғы ақпанда «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен оны ерікті түрде тарату туралы шешім қабылданды.

Топтың маңызды бірлескен кәсіпорындары туралы жиынтық қаржылық ақпарат төменде келтірілген. Төмендегі қорытынды қаржылық ақпарат ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған топтың маңызды бірлескен кәсіпорындарының қаржылық есептіліктерінде ұсынылған соманы білдіреді.

| | «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС | | «Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС | |
|---|---|---|---|---|
| | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2018 жыл |
| Кірістер | 1,899,603 | 2,416,451 | 5,352,935 | 3,808,660 |
| Жыл ішіндегі пайда/(шығын) және жиынтық кіріс/ (шығын) жиыны | 100,512 | (98,954) | (238,071) | (918,675) |
| **Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі** | **50,256** | **(49,477)** | **(119,036)** | **(459,338)** |

| | «КАМАЗ инжиниринг» АҚ | |
|---|---|---|
| | 2019 жыл | 2018 жыл |
| Кірістер | 20,714,233 | 16,399,376 |
| Жыл ішіндегі пайда/(шығын) және жиынтық кіріс/ (шығын) жиыны | 376,807 | 394,162 |
| **Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі** | **94,202** | **98,541** |

## 9. ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді тауарлы-материалдық қорлар | 428,267 | 994,495 |
| Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге аванстар | 219,917 | 7,778 |
| Қосылған құн салығы | 184,436 | 388,195 |
| Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялары | 1,768 | 1,000 |
| Өзге | 47,640 | 598,956 |
| | **882,028** | **1,990,424** |

Ұзақ мерзімді қосылған құн салығы «Тыныс» АҚ еншілес кәсіпорындарында 184,436 мың теңге сомасында пайда болды (2018 жылы 388,195 мың теңге). Басшылықтың бағалауы бойынша осы соманы өтеу 12 айдан асатын мерзімде күтіледі.

Ұзақ мерзімді тауар-материалдық қорлар «Семей Инжиниринг» АҚ еншілес кәсіпорындарының 313,227 мың теңге сомасына (2018 ж.: 316,570 мың теңге) және «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ 3,675 мың теңге сомасына шикізатпен және материалдармен ұсынылған.

Жеткізушілерге негізгі құралдар үшін аванстар еншілес кәсіпорындарда пайда болды: "Семей инжиниринг" АҚ 3,591 мың теңге сомасы "Тыныс" АҚ 10,527 мың теңге сомасы және "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ 205,799 мың теңге сомасы.

## 10. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Шикізат және материалдар | 14,429,343 | 9,145,490 |
| Аяқталмаған өндіріс | 7,440,190 | 8,161,199 |
| Дайын өнім | 6,407,462 | 3,147,385 |
| Қайта сатуға арналған тауарлар | 128,737 | 76,053 |
| Өзге | 9,130 | 3,242 |
| | 28,414,862 | 20,533,369 |
| Өтімсіз ТМҚ бойынша резервті шегерумен | (2,886,713) | (1,838,067) |
| Сатудың таза құнына дейін есептен шығару (28-ескертпе) | (329,986) | (320,658) |
| | **25,198,163** | **18,374,644** |

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтің қозғалысы мынадай түрде берілген:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жыл басындағы өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резерв | (2,158,725) | (1,985,406) |
| Бір жылға есептелген (28-ескертпе) | (1,171,832) | (372,314) |
| Қалпына келтірілген (28-ескертпе) | 35,168 | 273,255 |
| Бұрын құрылған резерв есебінен есептен шығарылды | 78,690 | (74,260) |
| **Жыл соңындағы өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резерв** | **(3,216,699)** | **(2,158,725)** |

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Киров атындағы зауыты» АҚ, «Зенит» Орал зауыты» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ, «Семей Инжиниринг» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «Тыныс» АҚ, «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ-да өтімсіз тауарлы-материалдық қорлары бойынша 3,216,699 мың теңге сомасына резервтер құрылды (2018жылы: 2,158,725 мың теңге).

## 11. САУДАЛЫҚ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Байланысты тараптардың саудалық дебиторлық берешегі (39-ескертпе) | 2,710,473 | 255,583 |
| Үшінші тараптардың саудалық дебиторлық берешегі | 1,979,935 | 5,204,827 |
| | 4,690,408 | 5,460,410 |
| Күмәнді берешек бойынша резервті шегерумен | (344,765) | (1,398,764) |
| | **4,345,643** | **4,061,646** |

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы күмәнді берешек бойынша резервтегі қозғалыс былайша берілген:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жыл басындағы күмәнді берешек бойынша резерв | (1,398,764) | (589,636) |
| Бір жылға есептелген | (370,865) | (1,178,832) |
| Бұрын құрылған резерв есебінен есептен шығарылды | 1,424,864 | 369,704 |
| **Кезең соңындағы күмәнді берешек бойынша резерв** | **(344,765)** | **(1,398,764)** |

## 11. САУДАЛЫҚ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күмәнді берешек бойынша резервті шегергендегі саудалық дебиторлық берешек мынадай валюталарда көрсетілген:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңге | 3,567,678 | 3,863,373 |
| Ресей рублі | 561,696 | 185,081 |
| АҚШ доллары | 213,381 | 13,030 |
| Еуро | - | 162 |
| Қырғыз сомы | 2,888 | - |
| | **4,345,643** | **4,061,646** |

## 12. ТӨЛЕНЕТІН ӨЗГЕ САЛЫҚТАР

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қосылған құн салығы | 1,250,380 | 181,011 |
| Өтелуге тиіс өзге салықтар | 95,185 | 256,155 |
| | **1,345,565** | **437,166** |

## 13. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Үшінші тараптарға берілген қысқа мерзімді авансытар | 46,515,081 | 7,980,384 |
| Байланысты тараптарға берілген қысқа мерзімді аванстар (39-ескертпе) | 1,662,790 | - |
| Күмәнді берешек бойынша резервті шегерумен | (341,230) | (499,496) |
| | **47,836,641** | **7,480,888** |

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін күмәнді берешек бойынша резервтің қозғалысы келесідей берілген:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Жыл басындағы күмәнді берешек бойынша резерв | (499,496) | (312,553) |
| Бір жылға есептелген | (81,556) | (224,919) |
| Бұрын құрылған резерв есебінен есептен шығарылды | 239,822 | 37,976 |
| **Жыл соңындағы күмәнді берешек бойынша резерв** | **(341,230)** | **(499,496)** |

31 желтоқсандағы жағдай бойынша күмәнді берешек бойынша резервті шегергенде берілген аванстар мынадай валюталарда көрсетілді:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңге | 30,225,636 | 3,488,809 |
| Ресей рублі | 15,907,550 | 1,770,404 |
| Еуро | 990,974 | 2,028,618 |
| АҚШ доллары | 712,481 | 193,057 |
| | **47,836,641** | **7,480,888** |

## 14. ӨЗГЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Өзге салықтар және бюджетке төленетін өзге төлемдер | 289,000 | 383,624 |
| Болашақ кезеңдер шығыстары | 38,338 | 43,904 |
| Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 25,272 | 243,883 |
| Қызметкерлердің дебиторлық берешегі | 17,959 | 13,079 |
| Өзге | 652,076 | 143,865 |
| | **1,022,645** | **828,355** |

## 15. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | | 2018 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| | Проценттік мөлшерлеме | Сомасы | Проценттік мөлшерлеме | Сомасы |
| Сбербанк» АҚ ЕБ | 8.5% | 125,277 | 8-14.7% | 2,150 |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ | 8% | 100,000 | 7-9% | 465,743 |
| «Еуразиялық банк» АҚ «Қазтехнологиялар» АҚ | 1.5%-11.5% | 90,280 | 7% | 174,701 |
| «Қазтехнологиялар» АҚ | - | 56,000 | - | - |
| «SteelManufacturing» ЖШС | - | 10,000 | - | - |
| «First Heartland Jysan Bank» АҚ | 6% | 1,100 | - | - |
| «Цеснабанк» АҚ | - | - | 1.5-13.5% | 59,224 |
| | | 382,657 | | 701,818 |
| Минус: ұзақ мерзімді бөлік | | (1,100) | | (463) |
| | | **381,557** | | **701,355** |

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар 3 айдан 12 айға дейінгі мерзімге банктік депозиттермен ұсынылды.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді қаржы инвестициялары мынадай валюталарда ұсынылған:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңге | 380,547 | 696,507 |
| АҚШ доллары | 1,010 | - |
| Ресей рублі | - | 4,848 |
| | **381,557** | **701,355** |

## 16. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Банк шоттарындағы ақша қаражаты, теңгемен | 9,189,591 | 11,086,581 |
| Банк шоттарындағы ақша қаражаты, шетел валютасы | 6,765,454 | 706,680 |
| Кассадағы ақша қаражаты, теңгемен | 15,849 | 11,493 |
| Қысқа мерзімді депозиттер | 3,000 | 209,705 |
| | **15,973,894** | **12,014,459** |

## 16. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (жалғасы)

Ақша қаражаты мен оның баламалары мынадай валюталарда берілген:

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңге | 9,208,440 | 11,307,779 |
| Ресей рублі | 4,982,623 | 207,659 |
| АҚШ доллары | 1,111,410 | 333,786 |
| Еуро | 671,396 | 165,235 |
| Украина гривнасы | 25 | - |
| | **15,973,894** | **12,014,459** |

## 17. САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қатысу үлесін іске асыру | 4,301,567 | 4,301,567 |
| Құрал-жабдықтар | 3,189 | 3,189 |
| Өзге ұзақ мерзімді активтер | 501 | 36,478 |
| | **4,305,257** | **4,341,234** |

Қатысу үлесін іске асыруға «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына (сәйкесінше 22.11.2017 ж. және 21.11.2018 ж. №7 және №9 хаттамалары) сәйкес «ЗИКСТО» АҚ, «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС және «КазИнж Электроникс» ЖШС іске асыруы кіреді. Маңызды үлес 3,851,323 мың теңге мөлшеріндегі «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС қатысу үлесі болып табылады. Есепті күннен кейінгі кезеңде бұл қатысу үлесі іске асырылды.

## 18. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жарияланған, шығарылған және толықтай төленген жарғылық капиталы әрқайсысының номиналдық құны 1,000 теңге болатын 26,276,802 акция сандағы жай акциялардан және тиісінше 2018 жылғы 31 желтоқсанға 24,776,802 акциядан тұрды.
2019 жылдың ішінде Компания әрқайсысының номинал құны 1000 теңге тұратын 1,500,000 дана жай акциялар шығарды. Бул акцяларды Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі сатып алды, салым ақша қаражатымен 2019 жылғы 1 наурызда жузеге асырылды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ акцияларының 100%-ы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне тиесілі.
2019 жылы Компания дивидендтер жарияламады және төлемеді.

**Жай акцияның баланстық құны**

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Барлық активтер | 136,449,829 | 82,401,995 |
| Материалдық емес активтер | (456,982) | (344,220) |
| Барлық міндеттемелер | (121,410,936) | (63,847,086) |
| Жай акциялар үшін таза активтер | 14,581,911 | 18,210,689 |
| Акцияның баланстық құнын есептеу мақсатында жай акциялардың саны (дана) | 26,276,802 | 24,776,802 |
| **Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)** | **0,555** | **0,735** |

## 19. ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қосымша төленген капитал 841,018 мың теңгені құрады. Қосымша төленген капиталға мыналар кіреді:

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ММ жарғылық капиталына салым ретінде енгізген акциялардың құны мен топтың жарияланған жарғылық капиталының құны арасындағы 428,612 мың теңге сомасындағы айырмашылық;
- 412,406 мың теңге сомасында акционерден алынған нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемемен қарыздар бойынша кейінге қалдырылған салық әсерін ескере отырып, әділ құнға дейін түзету. Бұл қарыздар 2013 жылы толық төленді.

## 20. БАҚЫЛАНБАЙТЫН ҮЛЕС

| | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға | 661,904 | 642,489 |
| Бақыланбайтын үлестерге жататын жыл ішіндегі пайда және жиынтық кіріс жиынтығы | 59,420 | 55,510 |
| Дивиденттер | (30,021) | (36,095) |
| **Есепті кезеңнің соңына** | **691,303** | **661,904** |

2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанға маңызды бақыланбайтын үлесі бар еншілес компаниялардың қаржылық жағдайы және пайда немесе шығыны туралы есеп бойынша жинақталған қаржылық ақпарат былайша берілген:

| «Мұнаймаш» АҚ» (48%) | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді активтер | 689,267 | 772,547 |
| Ағымдағы активтер | 1,352,611 | 1,856,042 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | 179,856 | 320,274 |
| Ағымдағы міндеттемелер | 749,919 | 1,257,509 |
| Түсім | 3,563,121 | 2,910,888 |
| Жалпы пайда | 417,407 | 354,144 |
| Жыл ішіндегі пайда/(шығын) | 123,895 | 115,743 |
| Жиынтық кіріс жиыны | 123,895 | 115,743 |

2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанға маңызды бақыланбайтын үлесі бар еншілес компаниялардың ақша ағындары бойынша жинақталған қаржылық ақпарат төмендегі кестеде берілген:

| «Мұнаймаш» АҚ (48%) | 2019 жылғы 31 желтоқсан | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Операциялық қызмет | 39,179 | 476,429 |
| Инвестициялық қызмет | 75,221 | (154,535) |
| Қаржылық қызмет | (208,684) | (199,091) |
| Барлығы таза ақша ағыны | **(94,284)** | **122,803** |

## 21. ҚАРЫЗ

| | Өтеу күні | Проценттік мөлшерлеме | 2019 жылғы 31 желтоқсан | Проценттік мөлшерлеме | 2018 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| Қарыз және қаржылай көмек: | | | | | |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ | Ақпан 2019 ж. - тамыз 2020 ж. | 12.0% - 13.0% | 17,150,050 | 12.0% - 13.0% | 18,638,926 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ | Қараша 2021 ж. | - | 5,327,956 | - | 5,327,956 |
| «АТФ Банк» АҚ | Желтоқсан 2019 ж. – желтоқсан 2020 ж. | 12.0% - 13.0% | 2,574,131 | 12.0% - 13.0% | 2,453,604 |
| «Теміржолэнерго» ЖШС | | - | 250,000 | - | - |
| «Қамқор Менеджмент» ЖШС | Ақпан 2020 ж . | - | 10,192 | - | - |
| Жеке тұлға (Омаров Н.С.) | | - | 25,820 | - | - |
| Жеке тұлға (Сулейменов К.Р.) | | - | 160 | - | - |
| | | | 25,338,309 | | 26,420,486 |
| Қоса алғанда/ (шегерумен): | | | 3,314,396 | | 3,059,584 |
| Жинақталған пайыздар | | | 3,314,396 | | 3,783,087 |
| Дисконт | | | - | | (723,503) |
| Қарыздар мен бағалы қағаздар жиынтығы | | | 28,652,705 | | 29,480,070 |
| Минус: қарыздардың ағымдағы бөлігі | | | (28,252,917) | | (17,801,877) |
| **Борыштық бағалы қағаздар мен қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі** | | | **399,788** | | **11,678,193** |

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ*

2016 жылы Кредит желісін беру туралы келісімнің шеңберінде Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан жылдық 14%-бен 21,600,000 мың теңге және 4,640,590 мың теңге сомадағы қарызды тиісінше 2019 жылғы 8 тамызда және 2018 жылғы 31 тамызда өтеу мерзімімен тартты.

2017 жылғы тамызда Компания 21,600,000 мың теңге транш бойынша негізгі соманы 6,000,000 мың теңге сомаға ішінара «Самұрық-Қазына» АҚ-нан 2017 жылғы 26 шілдеде алынған қысқа мерзімді қаржылай көмек есебінен өтеді. 2017 жылғы 4 тамыздағы қосымша келісімге сәйкес Компания негізгі борыштың 15,600,000 мың теңге мөлшеріндегі қалған үлесін өтеу мерзімін жылдық 12% сыйақы мөлшерлемесімен 2020 жылғы 10 тамызға дейін ұзартты.

2019 жылы Топ 1 транш бойынша 605,506 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты өтеуді жүзеге асырды. 2-ші транш бойынша Компания негізгі борышты 2,485,035 мың теңге сомада активтерді жекешелендіруден түскен қаражаттар есебінен ішінара өтеді, негізгі борыштың 2,155,556 мыңтеңге мөлшеріндегі қалған үлесін өтеу мерзімі 2019 жылғы 1 ақпанға дейін болып белгіленді. Осылайша, 2019 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның негізгі борыш бойынша мерзімі өткен берешегі бар:

- 1 Транш 7,894,494 мың теңге мөлшерінде;

- 2 Транш 2,155,556 мың теңге мөлшерінде.

Негізгі борыш пен сыйақыларды кешіктіргені үшін Топ «Өзге ағымдағы міндеттемелер» тарауының құрамында 1,395,458 мың теңге сомасына айыппұлдар мен өсімпұлдарды таныды (26-ескертпе).

## 21. ҚАРЫЗ (ЖАЛҒАСЫ)

*«Самұрық-Қазына» АҚ*

ТОП 2018 жылғы 2 шілдеде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-мен (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) 5,327,956 мың теңге сомаға №824-И/1 кредиттік шарт жасасты. Кредит мерзімі 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін. Кредиттік шарт бойынша негізгі борышты өтеу 2019 жылғы 25 қарашадан бастап жыл сайын тиісінше 2 000 000 мың теңге, 2 150 000 мың теңге және 1 177 956 мың теңге төлемдермен жоспарланған болатын. 1 траншты өтеу бойынша 2 000 000 мың теңге мөлшеріндегі берешекке байланысты қарыздың барлық сомасы ағымдағы «қарыздар» тарауында көрсетілген (21-ескертпе).

